

ОРАЗАҢ ҚАБЫЛ БОЛСЫН, ҰСТАҒАН ЖАН!

№37
(19032)

Senbi,
2 sáýir,
2022 jyl



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ



Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Газет 1918 жылғы
маусымнан шығады



www.7-su.kz

YouTube



@

#

Jetisugazeti



Jetisu2002@mail.ru

▲ СЕССИЯ

Облыстық мәслихат хатшысы Жанболат ЖӨРГЕНБАЕВТЫҢ төрағалығымен облыстық мәслихаттың кезектен тыс XVII сессиясы өтті.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жетісу облысын құру туралы бастамасын қолдауға арналды. Екінші мәселе барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүруі барысында жалғасты. Күн тәртібіндегі келесі мәселе облыс әкімдігінің жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның дербес құрамын бекіту туралы өрбіді. Келесі жайт Қазақстан Республикасының Үкіметіне облыста ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті мөлшерін белгілеу туралы ұсыныс енгізуге арналды. Сессияда облыстық мәслихаттың құрамына «AMANAT» партиясынан енгізілетін жаңа депутат таныстырылды.

Облыс әкімі Қанат БОЗЫМБАЕВ сессияда облысты Алматы және Жетісу облыстарына бөлу жайында сөз сөйледі. Ол Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңғыру жолы» Жолдауында айтылған тапсырмаларды орындау мақсатында облысты Жетісу және Алматы өңірлеріне бөлу бойынша жұмыстың жүргізіліп жатқандығын айтты. Алматы облысының аумағы 223,6 мың шаршы шақырымды құрайды, 2022 жылдың басында халық саны 2 млн. 108 мың адамға жеткен. Бүгінге дейін облыс құрамына 17 аудан және 3 облыстық маңызы бар қала, 742 елді мекен кірген.

Екі облысты біріктіріп, ірілендірудің нәтижесінде Алматы облысы әлеуметтік-экономикалық даму барысында нақты жетістіктерге қол жеткізді. Мәселен, 2001 – 2021 жылдары жалпы өнімнің өнімі 25 есе, өнеркәсіп өнімі 17 есе, ауылшаруашылығының жалпы өнімі 16 есе, құрылыс жұмыстары 30 есе, сауда 27 есеге өскен. Алматы облысында соңғы 20 жыл ішінде 13 млн. шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілген. Облыс экономикасына 7,2 трлн. теңге инвестиция тартылған. Осы уақыт ішінде облыс бюджеті 21 млрд. теңгеден 830 млрд. теңгеге дейін өскен.



Суретті түсірген Жунай МЫСАБЕКОВ

ӨҢІР ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРЕДІ

Гүлжан ТҰРСЫН

Яғни, көптеген елді мекенге инфрақұрылым тартылып, тұрғындардың экономикалық жағдайы жақсарған. Облыс әкімі Қанат Бозымбаев өз сөзінде Алматы облысын бөлу әлеуметтік-экономикалық өсу мүмкіндіктерінің таусылуына байланысты емес, мемлекеттік маңызы бар мәселелерді шешу үшін жүзеге асырылып жатқанын айтты. «Бөлу облыстың 1 млн.-нан астам тұрғыны бар Алматы агломерациясын дамыту үшін жүргізіледі. Оның ішінде 170 мың адам Алматы маңындағы инфрақұрылымы жоқ саяжай алаптарында тұрады. Талдықорған қаласынан алыс жерде бұл мәселелерді шешу оңай емес. Сондықтан еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру бойынша Президент қойған міндеттің маңызы зор», – деді облыстың бірінші басшысы. Қанат Алдабергеновтың әкімшілік-аумақтық өзгерістер мемлекеттік басқару процесін оңтайландырып, азаматтардың облыс орталығына келіп-қайтуын жеңілдетуге тоқталды. Ол әкімшілік орталығы Талдықорған қаласында орналасқан Жетісу және әкімшілік орталығы Қапшағай қаласында орналасқан Алматы облысының бөлінуі екі өңірдің дамуына қуатты серпін беретінін айтты.

Екі облыс аудандарының қалай бөлінетіні жөнінде Қанат Алдабергеновтың: «Құрылатын Жетісу облысының аумағында 352 елді мекені бар 8 аудан және

2 қала, Алматы облысының аумағының құрамында 380 елді мекені бар 9 аудан және 1 қала болады», – деді. Ол өз сөзінде Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілік-аумақтық құрылым туралы Жарлығын қабылдау жөніндегі іс-қимыл алгоритмінің әзірленгендігіне тоқталды. Бүгінде экономикалық есептеулер жүргізіліп, Алматы және Жетісу өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша талдау материалдары дайындалып жатқанын айтты. Қолданыстағы штат санын қайта бөлу және мемлекеттік органдарды орналастыру үшін нысандарды айқындау жұмыстары басталды. Ұлттық экономика министрлігіне Жетісу облысының құрылуына байланысты штат санының лимитін және жергілікті атқарушы органның ұсынылған құрылымын ұлғайту қажеттілігін негіздей отырып, ұсыныс жіберілгені белгілі болды.

Жетісу облысының әкімдігі Талдықорған қаласында қалатындықтан қосымша шығыстар әкімдігі Қапшағай қаласында орналасатын Алматы облысын орналастыруға байланысты болмақшы. Бірінші кезекте қызметтік үй-

жайларды жалдау, көтерме жәрдемақы төлеу, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері үшін тұрғын үй жалдау шығындары есептеліп, республикалық бюджеттен қаражат бөліну үшін бюджеттік өтінім берілмекші.

Облыс әкімінің айтуынша, Алматы облысын бөлу екі өңір экономикасының дамуына теріс әсер етпейді. Керісінше, 2025 жылға дейін бекітілген жоспарлы көрсеткіштерді елеулі ұлғайту үшін қосымша жаңа мүмкіндіктер туғызады.

Қанат Бозымбаев Алматы облысын екіге бөлу жөніндегі сөзін қорыта келе: «Алматы облысын бөлу елді мекендердің экономикасын нығайтып, өңірлерді жедел дамытып, шаруашылық жүргізуші құрылымдардың қызметін инновациялық негізге көшіруді жүзеге асырады», – деді. Облыс басшысының сөзінен кейін облыстық мәслихаттың бірнеше депутаты мінберге шығып, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жетісу облысын құру туралы бастамасының тиімділігіне тоқталып, игі істі қолдайтындықтарын жеткізді.

Сессияда барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүруі, облыс әкімдігінің жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның дербес құрамын бекіту және Қазақстан Республикасының Үкіметіне облыста ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті мөлшерін белгілеу туралы ұсыныс енгізілді.

Сессияда облыстық мәслихаттың құрамына «AMANAT» партиясынан кіргізілген жаңа депутат таныстырылды.

▲ ХАБАРЛАНДЫРУ

ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Алматы облысының әкімі Қанат Алдабергеновтың Бозымбаев Текелі қаласының Мәдениет үйінде (Текелі к., Тәуелсіздік көшесі, 11) 2022 жылғы 13 сәуір күні сағат 10.00-де тұрғындармен кездесу өткізеді.

Тұрғындар тарапынан сұрақтар мен ұсыныстар облыс әкімінің ресми блогында <https://dialog.egov.kz/blogs/65537/welcome> және Текелі қаласы әкімдігінің ресми сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tekeli/activities/population?lang=kk> қабылданады.

Облыс әкімінің халықпен кездесуінің тікелей көрсетілімі облыс әкімдігінің «Instagram»-ғы «Alm obl akimat» парақшасында https://instagram.com/alm_obl_akimat?utm_medium=copy_link сілтемесі бойынша және Текелі қаласы әкімдігінің «Facebook»-тегі Tekeli Qalasyuñ Akimdigі парақшасында <https://www.facebook.com/akimatgorodatekeli> сілтемесі бойынша жүргізіледі.

БАЛҚАШ АУДАНЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Облыс әкімі Қанат Алдабергеновтың Бозымбаев Балқаш ауданы Баканас ауылының Мәдениет үйінде (Баканас ауылы, Д. Қонаев көшесі, 142) 2022 жылғы 15 сәуір күні сағат 15.00-де тұрғындармен кездесу өткізеді. Келініздер, қатысыңыздар!

Алдын ала сұрақ, ұсыныс жібереміз десеңіздер, облыс әкімінің ресми блогында <https://dialog.egov.kz/blogs/65537/welcome> және Балқаш ауданы әкімдігінің ресми сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-balkhash?lang=kk> қабылданады.

Облыс әкімінің халықпен кездесуінің тікелей көрсетілімі «Alm obl akimat» https://instagram.com/alm_obl_akimat?utm_medium=copy_link және Балқаш ауданы әкімдігінің https://www.instagram.com/balkhash_akimdigі/Instagram парақшаларында жүргізіледі.

ҚҰРМЕТТІ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Облыстың қоғамдық кеңес мүшелерін жаңадан сайлауға байланысты ұсыныс, пікірлеріңізді қоғамдық кеңестің келесі электрондық поштасына жіберулеріңізді сұраймыз: os.almaty.obl@mail.ru

▲ ИМАНДЫЛЫҚ

ҚОШ КЕЛДІҢ, РАМАЗАН!

Алмас
САФИДОЛЛАУЛЫ,
ҚМДБ Талдықорған
өңірінің бас имамы



Баршамызды оразаға аман-есен жеткізген құдіреті шексіз Алла Тағалаға сансыз шүкірлер мен мақтау-мадақтар болсын!

Қадірлі мұсылман қауымы! Сіздерді асыға күткен қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Әрбір шаңыраққа шаттық пен бақыт, бірлік пен береке тілеймін! Баршаңызға Жаратқан Ием жар болсын!

Біздің халқымыз ежелден Рамазанды ерекше қастерлеп: «Он екі айдың сұлтаны» деп атаған. Берекесі мол айда жарапазан жырын айтып, оразаның келгенін қуанышпен жеткізіп, насихаттаған. Ал ауызашар дастарқаны рухани сұхбаттың, бата мен ізгі тілектің қайнары болған. Ауыз бекіткен адамды айрықша қадірлеп, оған ауызашар беру – бағзыдан келе жатқан салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыз.

Таңғы сәресі әр шаңырақ үшін қуанышты сәт болса, кешкі ауызашар ағайын мен туысты, бір қауым елді имандылыққа ұйытқан, мерекесі мен берекесі үйлескен басқосу болатын. Аллаға шүкір, бұл игі дәстүр ғасырдан-ғасырға жалғасып, жаңғырып келеді.

Алла Тағаланың мұсылман құлдарына қасиетті етіп берген бірнеше күндері мен айлары бар. Қасиетті айлардың бірі әрі бірегейі ол – Рамазан. Рамазан айының ерекшелігі сол – мүміндер бұл кезде бір ай бойы ораза ұстайды. Рамазан – мейірімділік, қайырымдылық, сабырлық, кешірімділік, тақуалық, нәпсіні тәрбиелеу және өз-өзіне есеп беру айы. Сонымен қатар, Құран айы, тақуалық пен тәрбие айы ретінде байыпталатын Рамазан – айлардың сұлтаны, күнәлардың кешірілетін, мын айдан да қайырлы Қадір түні бар шоқтығы биік ай.

Құран Кәрімнің «Бақара» сүресі, 183 аяттыңда Алла Тағала мүміндерге ораза тұту жайында былай дейді: «Әй, мүміндер! Сендерге бұрынғыларға парыз қылғандай ораза парыз қылды. Әрине, сақтанарсыңдар».

Алла Елшісі: «Кімде-кім Рамазан айында шынайы сеніммен, сауабын бір Алладан үміт етіп, ораза ұстаса, бұрын-соңды жасаған күнәлары түгелдей кешіріледі», – деген. Қасиетті айдың құрметі үшін бір-бірін кешіріп, мейірімділік жолын ұстанған пенделер сауапқа кенеледі. Өзгеге мейірім көрсеткен адамға Алла Тағала оны мейіріміне бөлейді. Кешіргенге – кешірім жасалады.

Рамазан – жақсылық айы. Оразада әрбір жақсы амалдың сауабы еселеніп жазылады. Хадис-шарифте айтылғандай: «Адам баласының барлық игі істерінің сауабы артады. Әрбір жақсылыққа он еседен жеті жүз есеге дейін сауап жазылады». Омырауда баласы бар, денсаулығы жарамайтын, көрілік жеткен қарттар ауыз бекіткен кісілерге ауызашар берсе, ол да – азал амалдың бірі.

Рамазан – тәрбие айы. Ауыз бекіткен адам тілін жаман сөзден тежейді. Өйткені ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салуаты мен сәлемі болсын): «Кім болса да ораза ұстаған күні жаман сөз айтпаса, әрі ешкімге дауыс көтермесе...», – деп өсиет еткен. Расында, Алла Тағала үшін тілін өтірік пен ғайбат сөзден тыймаған пендесінің ұстаған оразасы қажет емес.

Рамазан – қасиетті Құран түскен ай. Бұл айда адам баласын тура жол мен бақытқа бастайтын, ақиқат пен жалғанның аражігін ажырата-тын Құран аяттары түсе бастады. Ораза кезінде Құранды кемінде бір рет толық оқудың, мәң-мағынасын көңілге тоқудың сауабы айрықша.

Рамазан – сабыр айы. Аузы берік адам кейбір кісілердің дөрекі сөзі мен әдепсіз әрекетіне сабыр сақтап: «Мен оразамын» деген сөзбен нәпсісін тоқтау салып, төзімділік танытады. Ал сабыр иесіне берілетін сый – жаннат.

Рамазан – өзгеру айы. Қасиетті Құран Кәрімнің «Рағыз» сүресінің 11-аятында: «Қайбір қауым өзін-өзі өзгертпейтінше, Алла оны өзгертпейді», – деп баяндалған. Оразада адамның тұлға бойы ізгілікке толып, сана-сезімі өзгереді. Бұл – қабыл болған оразаның көрінісі. Өзін өзгертуге тырысқан пенде Жаратқанның жарылқауына кенеледі.

Осындай қасиет тұнған айда Құдайы тамақ пен садақа асы ауызашар уақытында ұйымдастырылса, тойлар ішімдіксіз өткізілсе, жамандықтың бастауы болған арақ-шараптың сатылуына жол берілмесе қасиетті Рамазан айына деген құрметіміз болар еді.

Рамазан айында ораза арқылы төзімділік, шыдамдылық, сабырлық, жанашырлық, тақуалық секілді ізгі қасиеттерді он бойымызға жинауға тырысамыз. Рамазан – қайырымдылық, мейірімділік, ізгі амалдардың еселене жасалатын уағы. Сол арқылы сауабымыз артып, күнәларымыз кешіріледі.

Ораза – ішіп-жеу және шаңуаттан тыйылу арқылы орындалатын құлшылық. Ал тамақ пен жыныстық сезім адамзатты азғыратын, жолдан тайдыратын нәпсі нөкерлері десек болады. Нәпсі – адамның ішкі жан-дүниесі, рухына азық болатын нәрселерден жері тәнге азық болар нәрселерге үгіттейді. Оразаның тағы бір пайдасы, осы нәпсісін тізгіндеуіне септігін тигізеді.

Нәпсісін тізгіндеп, өз-өзін басқара білген адамды тақуа дейді. Пенде оразаның арқасында нәпсісін толықтай ауыздықтап, өзі де Ұлы Жаратушының алдында шынайы мойынсұнған құлға айналмақ. Ораза тұтқан кез келген жан өзінің ораза ұстамаған бұрынғы бейғам күндеріне қарағанда тазалықты, пәктікті сезінеді. Яғни, ешнәрсеге, тіпті бір жұтқан суға да қол соза алмауы барлық нәрсенің Иесі бар екенін, өзінің әлсіз күл екенін түсінеді. Осыдан барып ол өзінің әлсіздігі мен мұқтаждығын сезініп, Алланың рақымдылығына қарай бет түзеді. Сондықтан, нәпсісін тежеп жасалған тарыдай ғибадат ықылассыз орындалған таудай құлшылықтан артық.

Құрметті қауым! Он екі айдың сұлтаны – Рамазан құтты, берекелі болсын! Қасиетті айда жасайтын құлшылық, дұға-тілектеріңіз қабыл болсын! Алға қойған арман-мақсаттарыңыз орындалып, оразадан-оразғаға аман-есен жете беруімізді Алла нәсіп етсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, халқымыздың бірлігі нығайып, берекесі арта бергей! Тәуелсіздігіміз әрқашан баянды болғай! Әмин!

Алматы облыстық мәслихатының экономика, бюджет, құқықтық тәртіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, депутаттық өкілеттіктер мен этика мәселелері бойынша тұрақты комиссиясының және діні, тіл, этносаралық қатынастар, ішкі және жастар саясаты мәселелері бойынша тұрақты комиссиясының бірлескен отырысының

ХАТТАМАСЫ

Талдықорған қаласы
2022 жылғы 31 наурыз

Отырысқа 11 депутат қатысты.
Төрағалық етуші – облыстық мәслихаттың депутаты С. Шенгелбаев

Отырыстың күн тәртібіне сәйкес келесі мәселелер қаралды:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың Жетісу облысын құру туралы бастамасын қолдау туралы.

2. Барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы.

3. Алматы облысы әкімдігінің жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның дербес құрамын бекіту туралы.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметіне Алматы облысында ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерін белгілеу туралы ұсыныс енгізу туралы.

Отырыс барысында күн тәртібіндегі мәселелер тыңдалып, талқылана келе бірауыздан келесі шешімдер қабылданды:

1. Қазақстан Республикасының Президенти Қ. Тоқаевтың Алматы облысын бөліп, жаңадан құрылатын Жетісу облысының орталығы ретінде Талдықорған қаласын және Алматы облысының орталығы болып Қапшағай қаласын белгілеу туралы бастамасы қолданып, облыстық мәслихаттың сессиясының қарауына енгізілсін.

2. Алматы облыстық мәслихатының «Барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы» шешімінің жобасы мақұлданып, облыстық мәслихаттың сессиясының қарауына енгізілсін.

3. Алматы облысы әкімдігінің жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның дербес құрамы мақұлданып, облыстық мәслихаттың сессиясының қарауына енгізілсін.

4. Алматы облыстық мәслихатының «Қазақстан Республикасының Үкіметіне Алматы облысында ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерін белгілеу туралы ұсыныс енгізу туралы» шешімінің жобасы мақұлданып, облыстық мәслихаттың сессиясының қарауына енгізілсін.

Отырыс төрағасы
Отырыс хатшысы

С. ШЕНГЕЛБАЕВ
С. НУРАХМЕТОВ



▲ ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:
Жаңа облыстардың құрылуы – көпшіліктің көкейінде жүрген мәселе. Кезінде облыс мәртебесінен айырылған өңірлерде тұрғындар саны азайып, тұрмыс сапасы төмендеп кеткені жасырын емес. Осы олқылықтың орнын толтыратын кез келді. Әкімшілік-аумақтық өзгерістер мемлекеттік басқару үдерісін жеңілдетеді. Жұрттың облыс орталығына барыс-келісін оңайлатады. Ішкі көші-қон мәселесін реттеуге септігін тигізеді.

ЖАҢА ҚАДАМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ Қазақстан халқына арнаған «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауы қазақстандықтардың рухын көтеріп, ертеңгі күнге деген сенімін бекіте түсті.

Жолдаудағы әкімшілік-аумақтық өзгерістер: Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарын құру туралы ұсынысы көпшіліктің көңілінен шықты. Семей мен Жезқазған қалаларының инфрақұрылымы төмендеп, әлеуметтік жағдайларының нашарлағаны, тұрғындар санының азайғаны жасырын емес. Семей, Жезқазған қалаларында өзге де келеңсіз жайттар орын алды. Мұндай жағдай бір кездерде Талдықорған қаласына да тән болды. 1997 жылы Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық қайта құруларға байланысты Талдықорған облысы таратылып, аумағы Алматы облысына қосылып, облыс орталығы мәртебесінен айырылған тұста қала құлдырап, соғыстан кейінгі кейіпке түсті. Тұрғындар саны азайып, қаланың инфрақұрылымы күрт төмендеді. Қала тұрғындары жарықсыз, отынсыз, жылусыз кезеңді бастан кешірді. 2000 жылы 14 сәуірде Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласына көшірілді. Қала қайтадан жанданып, шаруашылығы мен тұрмысы жаңғырды. Қазіргі кезде Талдықорған инфрақұрылымы жетілген, шағын және орта кәсібі дамыған, білім, мәдениет орталығы болып табылады.

Президент көтерген агломерация проблемасы – өте күрделі әрі байыппен шешілуге тиіс түйткіл. Ірі агломерация оның орталығы – Алматы қаласынан және сыртқы зоналарды құрайтын қала маңына орналасқан серіктес қалалар мен елді мекендерден тұрады. Ірі қаланың айналасында Қапшағай, Қаскелең, Талғар қалалары және Боралдай, Өтеген батыр сияқты қала типтес поселкелер, Іле, Қарасай, Талғар аудандары орналасқан. Уақыт өткен сайын аталған елді мекендердің аумағы кеңейіп, инфрақұрылымы жетілдірілді. Соңғы ширек ғасыр ішінде Алматы агломерациясы урбанизациялану үдерісінде байланысты қарқынды дамып келеді. Оның қазіргі кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы агломерацияның талаптарына сәйкес келеді. Шамамен 20,34 мың шақырым аумақты қамтитын агломерацияда орта есеппен алғанда (Ал-

маты қаласын қоса есептегенде) төрт миллионға жуық халық тұрады. Алматы маңындағы халық саны бейресми дерек бойынша миллионнан асып жығылады. XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың бас кезінде орталық қаланың маңындағы этникалық, конфессиялық және демографиялық үдерістер үнемі өзгеріп отырды. Соңғы уақыттарда бұл үдеріс үздіксіз әрі жылдам жүріп жатыр. Мұны қала маңына орналасқан халықтың тығыздығы мен саны дәйектейді, себебі, бұл көрсеткіш республиканың өзге аймақтарымен салыстырғанда өте жоғары. Алматы облысы халқының саны да жыл сайын өсіп келеді. Қ. Тоқаевтың сөзімен айтқанда, Талдықорғанда отырып, Ұзынағаштың немесе Талғардың проблемасын шешу оңай емес. Оның үстіне тұрғындар облыс орталығына жету үшін ұзақ жол жүруге мәжбүр. Осы орайда облысты екіге бөлу ұтымды ұсыныс болып саналады. Алматы облысының орталығын Қапшағай қаласына көшіру де өңірдің дамуына қуатты серпін беретіндігі сөзсіз. Қапшағай қаласына халықтың біртұар азаматы, мемлекет қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың есімін беру – құптарлық ұсыныс. Д. Қонаев өз заманында халқына адал қызмет еткен, ұлтының болашағын ойлаған, оның ертеңіне алаңдаған басшы болды. Д. Қонаев ел басқарған жылдары Қазақстанда 43 қала, 68 кент пайда болған. Солардың арасында Рудный, Екібастұз, Ақтау, Теміртау, Жаңатас, Кентау, Арқалық қалаларын атап айтуға болады. Тарихи тұлғаның атымен көше, университетті атау өз алдына, қаланы атау – үлкен мәртебе, есімін жадымызда мәңгі сақтаудың жолы, жастарға үлгі-өнеге, тарихи сананы жетілдірудің тәсілі.

Ал Талдықорған өңірін Жетісу облысы деп атау – ұлттық кодымызды нығайту, санамызды, тарихи жадыны жаңғыртудың бір көрінісі. Жетісу деп аталған өлкенің солтүстігі Талдықорған аумағына тиесілі екендігі тарихтан белгілі. Жетісу деп атауы сонау ерте замандардан белгілі болған. Ежелгі дәуірдің өзінде өлке өзінің құнарлы топырағымен, көшпелі мал шаруашылығы-

мен, суармалы егіншілігімен, көкөрай бау-бақшасымен көршілеріне танымал болды. Ежелгі түркілер дәуірінде Жетісу Ұлы Жібек жолы бойына орналасқан қалаларымен әлемге танылды. Қазақ мемлекеттігінің алтын бесігі Жетісу болып саналады. 1867 жылы осы аймақта Жетісу облысы құрылды. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың ірі ошағы Жетісу болды.

Талдықорған облысы туралы айтатын болсақ, соғыс жылдарында елдің саяси және экономикалық жағдайына байланысты 1944 жылы 16 наурызда Қазақ КСР ОАК Талдықорғанды ресми түрде қала және облыс орталығы ретінде жариялады. 1959 жылы 6 маусымда аумағы Алматы облысының құрамына қосылуына байланысты облыс таратылды. 1963 жылы қалада 22 орта және ұсақ кәсіпорын өнім өндірумен айналысты, оларда алты мыңнан астам жұмысшы еңбек етті. 1967 жылы 23 желтоқсанда Жетісу өлкесінің экономикасын және өндіріс күштерін дамыту мақсатында қала қайтадан Талдықорған облысының орталығы болып бекітілді. 2000 жылы 14 сәуірде Алматы облысының орталығы Алматыдан Талдықорған қаласына ауыстырылды.

Ұлытау өңірінің тарихы – өз алдына жыр етіп айтатын шежіре. Ұлытау – қазақтар үшін киелі мекен. Ұлытау Керей, Жәнібек, Қасым, Тәуке, Барақ, Көшім, Абылай, Әбілқайыр, Кенесары хандардың, Ақжол, Қазыбек билердің, Амангелді батырдың, Қаныш Сәтбаевтардың есімдерімен тығыз байланысты. Ендеше, Президент сөзімен айтсақ, біріншіден, әкімшілік-аумақтық өзгерістер мемлекеттік басқару үдерісін жеңілдетеді. Жұрттың облыс орталығына барыс-келісін оңайлатады. Ішкі көші-қон мәселесін реттеуге септігін тигізеді, екіншіден, ұлан-ғайыр жеріміздің байырғы атауларын, ұлы тұлғаларымыздың есімін ұрпақ санасында жаңғырта береміз. Бұл да Жаңа Қазақстанды құрудың ұтымды қадамдарының бірі. Ләйім осындай игі бастамалар мен сәтті істер көп болғай.

Оразгүл МҰХАТОВА,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері

▲ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірлік бюросының басшысы Ханс КЛЮГЕ Қазақстанға келді. Үш күнге созылған ресми сапардың алғашқы жиыны Алматы қаласында өтті. Онда ДДҰ Еуропалық бюросы мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық негізде атқарылған жұмыстар сарапқа салынды. Шетелдік әріптестер еліміздегі медициналық-санитарлық алғашқы көмек (МСАК) көрсету қызметінің сапасына ерекше тоқталып, осы саланың өркендеуіне барынша қолдау көрсететінін жеткізді. Күні кеше ғана Есік қаласындағы медициналық мекемеде МСАК жөніндегі демонстрациялық платформаның ашылуы соның бір дәлелі.

ЕСІКТЕГІ ҮЛГІЛІ ЕМХАНА



Болат МӘЖИТ

Еңбекшіқазақ аудандық көпсалалы ауруханаға қарасты емханада өткен шаралар облыс әкімі Қанат Бозымбаев, ДДҰ Еуропалық өңірлік бюросының басшысы Ханс Ключе, ҚР Денсаулық сақтау министрі Ажар Финият, сондай-ақ, Өзбекстан Республикасынан келген мамандар қатысты.

Облыс басшысы Қанат Бозымбаев Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының пандемия кезіндегі қалтқысыз қызметіне тоқталып, аталған ұйым аясында жұмыла жұмыс істеген әлем дәрігерлері індетке тосқауыл болғанын атап көрсетті. Бүгінгі шара сол ынтымақтастықтың жалғасы екенін тілге тиек етті.

– Құрметті қонақтар! Жер жанның Жетісуға келген қадамдарыңыз құтты болсын! Наурыз айындағы сапарларыңызды біз жақсы ырымға балап отырмыз. Өйткені Наурыз – жаңару мен жаңғырудың басы. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен өзара байланыс орнатып, отандық медицинаның алға қадам басып

жатқанына қуаныштымыз. Осындай игі шаралар қанатын кеңге жая берсін, – деді Қанат Алдабергеноұлы.

Бұдан кейін сөз алған ДДҰ Еуропалық өңірлік бюросының басшысы Ханс Ключе медициналық-санитарлық алғашқы көмектің індетпен күресте тиімділігіне тоқталды.

– Қазақстан – медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсетудегі жаңалықтарымызды дүниежүзіне паш етіп отырмыз. Елімізде 200-ден астам аудандық аурухана жұмыс істейді. Сол медициналық мекемелерде МСАК халыққа сапалы қызмет көрсетуде. Өздеріңіз көріп отырғандай, Есіктегі емхана демонстрациялық платформаға айналып отыр. Бұл жерде ДДҰ Еуропалық бюросының Алматыдағы мамандары осында оқыту шараларын өткізіп, өздерінің тәжірибесімен бөліседі. Білікті кадрлар даярлауға атсалысады. Сол арқылы жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады, – дейді Ажар Финият.

Аталған шараға арнайы келген өзбек ағайындар қазақстандық тәжірибеге қызығушылық танытты. Алдағы уақытта оған өзге елдердің де қосылатыны кәміл.

Еңбекшіқазақ ауданы

▲ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

ТҰРҒЫНДАР ПІКІРІН ТЫҢДАДЫ



Суретті түсірген Жұмбай МҰСАБЕКОВ

Бірінші мәселе бойынша баяндама жазаған облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Тимур Дауітов сайлау науқанына өзін-өзі ұсыну тәртібімен 7 кандидат ұсынылғанын, олардың ішінен тек үшеуі қойылған талаптарға сай болғандықтан іріктеліп, облыстық сайлау комиссиясына тіркелгенін жеткізді. Соған сай тіркеу 1 сәуірде сағат 18.00-де аяқталғандықтан кандидаттың республикалық бюджет қаражатынан өтеле-тін шығыстарының мөлшері таныстырылып, басқа мәселелер қаралды.

Орталық сайлау комиссиясы одан соң Талдықорған тұрғындарымен кездесу өткізіп, сайлау процесіне қатысты өзекті мәселелерді талқылады. Атап айтқанда, Болат Айтбаев, Ермек Есмұхамедұлы, Қуат Күнболтаев, Шырақбай Жылқайдаров, Миран Шынасылова сынды қоғам

белсенділері өздерін толғандырған мәселелерді көтерді.

Олардың айтуынша, ауылдық округ әкімдерін сайлаудың ашықтығын, жариялылығын, тиімділігін қалайтын жұртшылықтың талабы толық орындалмай отыр. Тіпті, еліміздегі сайлау жүйесінде көптеген түйткілді мәселе жеткілікті. Мысалы, дауыс берудің тәртібін бюллетеньнен гөрі электронды нұсқаға ауыстыру заман талабынан туындап отыр. Яғни, әрбір адам өзінің сауақ таңбасын басу арқылы сайлауға қатысқанын дәлелдеп, саяси науқандағы белсенділігін білдіре алады. Ал, бюллетень арқылы дауыс беру ескірген, тиімсіздігін көрсетіп отыр. Одан кейін аумақтық сайлау комиссиясын құрудың жаңа тәртібі дерек. Себебі, бұрынғыдай мектеп директорларының сайлау учаскесінің басшысы

болуы сайлау процесінің нәтижесін жақсартпай отыр.

Осындай аса өзекті мәселелерге кезекпен жауап берген Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров әрбір мәселеге байыппен қарау керектігін ескертіп, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынатын жатқан сайлау процесін жетілдіру жұмыстары ашықтықты, жариялылықты, әділдікті талап ететінін жеткізді. Соған орай бұл саланың жұмысын бірлесе атқару қажеттігін алға тартып, қоғам белсенділері айтқан ұсыныстардың назардан тыс қалмайтынын, тіпті, халықтың саяси білімін арттыруға қажетті тиімді жолдарды пайдаланудың қажеттігін ескертті. Осылайша екі жақты диалог арқылы түйткілді мәселелердің түйінін тарқату бүгінгі күннің басты міндеті екендігін айтқан Әбдіров Орталық сайлау комиссиясының еліміздің барлық өңірлерін аралап, жергілікті жұртшылықтың талап-тілегін тыңдауға шығуы бұрын-соңды болмағанын еске салды.

Бұдан соң Орталық сайлау комиссиясының өкілдері Көксу ауданының Мұқыры және Еңбекші ауылдық округтеріндегі жұртшылықпен кездесу өткізіп, тұрғындардың ой-пікірін тыңдады.

Алматы облысын екіге бөлуге байланысты Қапшағай қаласына да арнайы сапармен баратын Орталық сайлау комиссиясы шаһар тұрғындарымен кездесуді жоспарлап отыр.



«AMANAT» партиясының облыстық филиалы Саяси кеңес бюросының кеңейтілген отырысы өтіп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ партия қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында берген тапсырмаларын орындау міндеті талқыланды.

БЮРО ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Шарада сөз алған «AMANAT» партиясы облыстық филиалының атқарушы хатшысы Гүлнар Қожағұлқызы:

– Бүгін «AMANAT» партиясының облыстық филиалы Саяси кеңес бюросының отырысын өткізіп отырмыз. Күн тәртібіндегі негізгі мәселе Президентіміздің XXII съездегі берген тапсырмаларын іске асыру бойынша қаралады. Оның қатарына сайлауалды бағдарламаның орындалуын қадағалау, мониторинг жүргізу және тиісті мемлекеттік органдардың алдында мәселе көтеру, халықтың әлауқатын арттыруға үлес қосу сынды аса өзекті мәселелер жатады. Кеңес мүшелерімен бірігіп осы шараларды қолға аламыз, – деді.

Жындан күн тәртібіндегі негізгі 4 мәселе көтерілді. Бірінші сұрақ бойынша облыстық Саяси кеңес және Саяси кеңес бюро мүшелеріне сайлауалды бағдарламаның 7 бағыты, жол картасы-

ның 126 көрсеткіші бөлінді. Екінші мәселе бойынша азаматтардың сеніміне ие, қоғамдық пікір көшбасшыларын тарта отырып, қоғамдық кеңес төрағалары жаңартылды. Атап айтқанда, өңірді дамыту және экология мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес төрағалығына Руслан Қожасбаев, Экономика, кәсіпкерлік және аграрлық сектор мәселелері жөніндегі кеңес төрағалығына Елдос Үшкемпіров, «Отбасы, әйелдер және балалардың құқығын қорғау мәселелері жөніндегі және жұмыспен қамту, халықтың әлеуметтік осал топтары мәселелері жөніндегі» кеңес төрағалығына Серік Мұқанов, «Білім және денсаулық» мәселесі бойынша кеңес төрағалығына Қуат Баймырзаев тағайындалды.

Сонымен қатар, облыстық мәслихат депутаты Қуат Сұлтанғазиевтің мемлекеттік қызметке ауысуына байланысты депутаттық мандатқа Нұрбол Алив ұсынылды.

Кәмилә ТҰЯҚОВА



Білікті репродуктолог-дәрігер
Аяулым КОСЕТОВА

Жас жұбайлардың бағын ашып, бақытқа бөлейтін де бала. Бір өкініштісі, соңғы жылдары сәбилі болудың сәті қиындай түскені байқалады. Ел Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ өзінің халыққа Жолдауында «Отбасылық-демографиялық ахуал – зор алаңдаушылық тудырып отырған мәселе. Өкінішке қарай, Қазақстанда әрбір алтыншы отбасы бала сүйе алмай отыр. Сауалнама көрсеткендей, отандастарымыздың 20 пайызға жуығы мұны ажырасуға негіз болатын елеулі себеп деп санайды. Үкіметке 2021 жылдан бастап «Аңсаған сәби» арнаулы бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырамын. Экстракорпоралды ұрықтандыру бағдарламалары бойынша бөлінетін квота санын 7 мыңға дейін, яғни 7 есе көбейту қажет», – деп атап көрсеткен. Бүгінде жүздеген отбасының осы бағдарламаға қол жеткізіп, сәбилі болғандары қуантады.

Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығының мәліметі бойынша, бүгінде Қазақстанда он мыңнан астам әйел бедеулік бойынша есепте тұр. Экстракорпоралды ұрықтандыру (ЭКУ) процесі 2010 жылдан тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне қосылған. Соған сәйкес ЭКУ-ға жылына 800-1000 квота бөлініп келсе, былтырғы жылдан бастап «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында берілетін квота саны 7 есеге өсті. Бұл ерлі-зайыптылардың балалы болу мүмкіндігін молайтты. Қазақстанда қазірге дейін экстракорпоралды ұрықтандыру әдісі арқылы 25 мыңнан астам сәби дүниеге келген.

АҢСАҒАН СӘБИ – АРМАН

Кеуделерін қуаныш кернеп, отау құрған жастардың алдында не күтіп тұрғанын болжау қиын. Асқақ арманмен алыстарға қанат қағып, тәтті сезімнің жетегінде жүргенде жылдар өте береді. Бірақ, балалы болу бақыты алыстаған сайын екі жастың арасы суынып, ақыры ажырасуға соқтыратын жайттар жоқ емес. «Бедеулік» дертінің жылдан жылға жасарып бара жатқанына дәрігерлер алаңдаушылық білдіруде. Ал бедеулік пен белсіздіктің сан алуан себептері барын көп жағдайда біле бермейтін, дәрігерге жүгінбейтін жұптардың шаңырағы шайқалып, тығырықтың тұңғығынан шыға алмай жатады. Байқап көрсек, бақыттың есігін қағып, балапанды құшағыңызға алудың мүмкіндігі жоқ емес.

Отау құрғанына 9 жылға таяған Талғар ауданы, Талдыбұлақ ауылының тұрғыны Қуандық Мұқашев пен Дана Өмірбекованың балалы болу жолында бармаған жері, баспаған тауы қалмаған. Естіген ем-домның бар түрін қабылдап көргенмен, нәтиже болмаған. Әйтседе, «Жас-ай» медициналық орталығында аға мейірбике болып еңбек ететін Дана мен электрші Қуандық алдағы күннен еш үміт үзбеген. Еліміздегі ақылы медициналық тексерістен өтуде талай табан тоздырып, бар тапқан-таянған қаржысын шығындалтқан. Өздігінен бала көтере алмайтындығын білген Дана экстракорпоралды ұрықтандыру тәсіліне мемлекет тарапынан бөлінетін квотаға қол жеткізу үшін үш жыл бұрын кезекке тұрған.

– Бұл менің ең үлкен үмітім еді. Денсаулығымдағы кінәратты біле тұра, қол қусырып қарап отыруға болмасын білдім. ЭКУ-ға баруға күйеуімді көндіріп, екі жакты қадам жасауымыздың арқасында Алла тілеуімізді берді, – дейді жас ана Дана. – Бұған дейін үш рет ақылыға бардым, аналық клетка шықпады. Бұл жолда жеті миллионға жуық қаржы кетті. Осылай күйзеліп жүргенімде тегін квотадағы кезегім келіп, Алматыдағы репродуктивті медицина институтынан жолдама алып, емделуді бастадық. Ондағы жас та болса білікті репродуктолог-дәрігер Аяулым Берікболқызына айтар алғысым шексіз, – деген Дана Өмірбекова небәрі екі айдың ішінде аналық жасушалар алынып, жүктілікке қол жеткізгендегі қуанышын айтып тауыса алмайды.

Сөйтіп, тоғыз жылға таяған қиындықтар еңсеріліп, аңсаған сәбиін алақанына алудың ғажайып сәті туған. Ең қызығы, Даның сан жылдар бойы аңсап жеткен сәбиі Арман – Президенттің «Аңсаған сәби» бағдарламасы бойынша дүниеге келген тұңғыш нәресте және еліміздегі экс-трокорпоралды ұрықтандыру арқылы өмір есігін ашқан 25 мыңыншы сәби боп тіркелуді де отбасының қуанышты сәттерін еселейтін түскен.

▲ БӘРЕКЕЛДІ!



Ұлбосын ИСАБЕК

– Тексеріс кезінде бедеулікпен жүрген қаншама жандармен таныстым, арасында 54 жаста туған әйелді кездірттім. Менің түсінгенім, ерлі-зайыптылар ертеңгі күннен үміт үзбеу керек. Жасыратыны жоқ, емделуге күйеуімді әрең көндірдім. Екеуара түсіністік пен тең әрекет етудің нәтижесінде сәбилі боп, сан жылғы арманымыз орындалды. Осы орайда маған демеу болып, қолдау білдірген ата-енем мен жанашыр жақындарыма, сондай-ақ, балалы болуыма себепші дәрігерім Аяулым Берікболқызына зор ризашылығымды білдіремін. Әр отбасын қуанта берсін. Алла адамға берерін тауыспасын!, – деген Дана мен Қуандық жана қоныстан үй де салып, ұрпақ та сүйіп отырғандарына шүкіршілік етеді.

Ал шаңырағын шаттыққа бөлеп, қуанышқа кенелткен бес айлық Арман бесікте тербеліп жатыр.

ҮКІЛІ ҮМІТПЕН КЕЛГЕН ҮШЕМ

Үшем сүю үш ұйықтаса түсіне еңбеген Панфилов ауданының тұрғыны Гунчигул Мухамет мен Пархатжан Таипов та бес жыл бұрын отау құрып, шаңырақ көтерген. Алғашқы жылы жүктілік болмаған соң дәрігерге ақылы түрде тексерілуді бастаған ерлі-зайыптылар ЭКУ-

Ұйқысы тәтті үшем

ға мемлекеттік квота алу кезегіне тіркеліп қойған. Ері Пархатжан «Алтын көл» теміржол стансысында байланыс электромеханигі, ал Гунчигул Мухамет Жаркенттегі Билал-Назым атындағы орта мектепте әлеуметтік педагог. Үстаздық ете жүріп, тапқан табыстарын тек балалы болу жолындағы ізденіске ғана жұмсағандарын айтады. Үмітпен есік ашқан ақылы медициналық мекеме мамандарынан жатыр түтікшелерінің өткізгіштігі жоғын білген жас әйел ЭКУ-ға барудан басқа амалы жоғын айқын сезінеді. «Енді не істесем?» деп жүргенінде «Аңсаған сәби» бағдарламасы бойынша квота кезегі келгені жайлы қуанышты хабар естиді. Нар тәуекелге бел буған жас отбасы Алматыдағы репродуктивті медицина институтына бет алып, ондағы репродуктолог-дәрігер Иван Мельниковтың тексерісінен өтіп, тағайындаған емінің нәтижесінде бірден жүктілікке ие болады. Бұл бақытқа жетуде аталған институттың Әйгерім Мұратқызы, Фариза Болатқызы сынды гинеколог-дәрігерлеріне де айтар алғысы зор.

– Бір сәбидің иісін аңсап жүргенде бірден үш сәбилі болудың бақытын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Бұл үшін Жаратқанға сан-

сыз шүкірлік етемін, екіншіден, бүгінгі медицинаның, ондағы дәрігерлердің біліктілігіне тәнтімін. Шын ниетпенсе, қаласа адамның арманы орындалады екен ғой. Балалы болсақ деген үмітіміздің ақталғанына қуанамын, – деген жас ана Гунчигул Мухамет Алматы қаласындағы облыстық көпсалалы клиникасында үшемді, яғни 1 ұл, 2 қызды аман-есен өмірге әкеліп, көптен күткен сәбилерін бауырына басқандағы қуанышты сәтін еш ұмытпақ емес. Елімізді аласапыран еткен «қаралы қаңтардың» 26-сында дүниеге келген үшем – Ибраһим, Мәлия, Мақсуда деген есімдерді еншілеген екен.

Сәбилерге күтім жасауға Гунчигулдің анасы мен участок мейірбикесі көмектесуде. Десе де қымбатшылық дендеген тұста үшемге берілуге тиіс тегін тағамдар мен жаялықтарына қол жеткізе алмай отырғанын жас ана жасырмады. Осындайда дана халқымыздың «жыламаған балаға емшек жоқ» деген тәмсілі еске түседі. Панфилов аудандық әлеуметтік қолдау, қорғау мекемелері мен қалталы кәсіпкерлері сирек туатын үшемдерге қарайласып, қолдан келгенше көмек жасауға жұмылғаны жөн болар еді.

Иә, бақыт бір-ақ сәтте бола қалмайды. Оған жету жолында темірдей төзім мен сабыр керектігін басынан өткізгендер ғана түсінеді. Сондықтан болар, сан жылғы үміттері ақталып, бүгінде АНА атанған аяулы жандардың жүздері қуаныштан бал-бұл жанады. Құшағындағы сәбилерін құшырлана иіскеп, мейірлерін қандыруда. Бесік тербеткен аналар жатса-тұрса бал татитын бөпелерінің тіл-көзден, ауру-сырқаудан аман, болашақтарының жарқын болуын тілейді!

Ал өздері тәртізді балалы болуды аңсап жүрген жандарға үміт үзбеу керектігін, ең бастысы, уақыт оздырмай медициналық мекемелерге жүгіну – армандардың орындалуына жол ашатындығын айтады. Ендеше, үміттер үзілмесін!

Соңғы жылдары аудандағы Сарыжаз орта мектебіндегі физика кабинеті, С. Сауранбаев атындағы мектептегі IT кабинеті, А. Барманбекұлы атындағы орта мектеп-гимназиясындағы IT кабинеті, О. Жандосов атындағы мектептегі биология кабинеті, Шалқөде орта мектебіндегі ЛМК кабинеті, Қ. Шорманов атындағы мектептегі химия кабинеті жаңа модификациялық үлгідегі жабдықтармен қамтамасыз етілді. Мұндай жақсылық аудан аумағындағы Көксай, Жәмеңке, Б. Соқпақбаев, М. Мақатаев, Т. Мұсақұлов, Ш. Уәлиханов атындағы орта мектептердегі бір-бір кабинеттерге жасалды. Облыс орталығынан ең шалғай, мемлекеттік шегараның шетіне қоныстанған Райымбек ауданындағы білім саласына жасалып жатқан қолдау мен қамқорлық үшін облыстық әкімдікке, білім басқармасына алғыс айтатын басқа айтарымыз жоқ.

САБЫР ТҮБІ – САРЫ АЛТЫН

Баласының үйленіп, үй болатынына, басы құралатынына қуанбайтын ана бар ма? Ұлы келінін алып келгенде Айжұлдыздың (есімі өзгертілген) енесі де қуаныштан көз жасына ерік берген еді. Сөйтіп 2015 жылы үлкен әулеттің шаңырағын шаттыққа бөлеп, босаға аттаған Айжұлдыз ана атану, сәби сүю сезімін сарыла жеті жыл күтті. Қос жүректің осы жылдардағы әр күні мен түнін ақ үмітпен өткізген армандары алдамады. Қанша қиындық болса да мойымауға серттескен жастар күндердің күнінде бақытты шақ туарына сенген. Себебі, ерлі-зайыптылар үшін балалы болудан өзге бақыт жоғына бар ой-арманын байлаған Айжұлдыз ізденуден, емделуден еш жалықпаған. Нәтижесінде жатыр түтіктерінің бітелуіне байланысты лапароскопиялық ота жасатқан. Бала көтерудің бір ғана жолы – ЭКУ-ға бару екендігін естіген соң мемлекет тарапынан бөлінетін тегін квотаға кезекке тіркелген. «Сабақты ине – сәтім» дегендей, бірден кезегі келгенін естігенде балалы болғандай қуанған. Қуанышы бекер болмапты. Репродуктивті институттың табалдырығын аттағаннан бойын кернеген қуаныш пен сезімі астасып, ана болу бақытына бастаған.

– «Сабыр түбі – сары алтын» деп бекер айтпаған ғой. Жылдар бойғы үмітіміз ақталып, өмірге ұзақ күткен егізіміз – ұл мен қыз келді. Осы бақытты бұйыртқан Аллаға шүкір дей отырып, сәтті ем жасаған репродуктивті медицина институтының және аман-есен босандырып алған Талғар аудандық ауруханасының әйелдер босанатын бөлімшесінің дәрігерлеріне отбасымыздың атынан ризашылығымызды білдіреміз, – дейді егіздердің анасы Айжұлдыз.

Бүгінде Айжұлдыз дүниеге әкелген егіздерге екі ай боп қалды. Аңсап жеткен сәбилердің ширауына туыстары мен ауылдық мейірбике де қол ұшын беріп, сарыуыз балапандардың қанатын қатайтуға септіктерін тигізуде.

МҮМКІНДІК МОЛАЯ ТҮСКЕН

Аяулым КОСЕТОВА, репродуктивті медицина институтының репродуктолог-дәрігері:

– Бедеуліктің емі бар. Сол үшін ерлі-зайыптылар үміт үзбеу керек. Қазіргі таңда бедеулікті емдеудің ең тиімді амалы – экстракорпоралды ұрықтандыру тәсілі. Іргесі қаланғанына 26 жыл толған ИРМ (репродуктивті медицина институты) клиникамызда білікті репродуктологтар, гинекологтар, шебер әрі мықты хирургтар, уролог-андрологтар мен эмбриологтар, генетиктер бар, бас-аяғы 300-ге жуық медицина мамандары бірлесе жұмыс істейді. Соның арқасында балалы болуға үмітті жұптардың құшырлана жанып, жүктілікке қол жеткізуде. Бұл – ЭКУ саласының үлкен жетістігі саналады.

2020 жылға дейінгі квота саны мыңнан асқан емес. Енді ел Президентінің тапсырмасымен бұл көрсеткіш 7 есеге артып отыр. Осының өзі жыл сайын бедеулікке ұшыраған мыңдаған отбасының сәбилі болып, шаңырағының шаттыққа бөленетінін білдіреді. Ал квотаға қол жеткізу үшін уақытында қаралып, денсаулығын тексерту керек. Тегін квота бөріне бірдей беріле бермейді. Оның өзіндік көрсеткіштері бар. Бедеуліктің өзі ерлер мен әйелдердің денсаулығына қарай бөлінеді. Оған ең алдымен әйелдердің жатыр түтіктерінің өтімсіздігі және эндокриндік факторға, яғни ұрықтың болмауы мен белгісіз генезді бедеулік жатады. Мұны анықтау үшін ЭКУ мамандарына жүгініп, кеңес алуға болады.

ТӨРТ ЖЫЛДА ТӨРТ МЕКТЕП ЖАҢАРДЫ

Райымбек ауданының қайта қалпына келгеніне төрт жыл болды. Бұл жылдардың аудандағы білім саласына тигізген шарапаты мол. Атап айтар болсақ, таулы өңірдегі Жәмеңке, Қ. Шорманов, Ш. Уәлиханов, М. Мақатаев атындағы орта мектептерге күрделі жөндеу жұмысы жүргізіліп, уақыт талабына, кезек келбетіне сай жаңғырып, қайнады. Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығы тұсында Қарасаз ауылындағы А. Барманбекұлы атындағы орта мектеп-гимназияға ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілді.

Райымбек ауданы

▲ ТАНЫМ



Түстікбай баласы Қыстаубайдың он бес жастағы кезі, таң атар-атпастан сырттың суығын ала кірген анасы тұр деп оятты. Тәтті ұйқыдан көзін уқалап оянған бозбала шешесі Тыныштықтың қатулы қабағын көріп жатқан жерінен атып тұрып, жылдам киіне бастады. Болмысынан өте сак, сергек, кейбіреулер сияқты түске дейін тыр етпей жататын сарыжамбас жалқау емес, еті тірі Қыстаубай ілезде дайын боп, төрде тұксініп отырған анасының қасына тізесін басып отыра кетті. Аяғында таза былғарыдан тігілген саптама етік, басына сусар бөрік, үстіне ұзын шапан ілген-ерлерше киініп, қырандарша қомданып, жұтынып шыға келген Тыныштық ержетіп, қанаты катаяып, киналғанда өзіне көмек болар, орда бұзар, қамал алар жасқа жетпесе де аттың жалын тартып мінген баласына ойлы да сұсты жүзбен қарап: – Балам, жылқылардан айырылып қалдық, қолды болып кетті. Қанды қарақшыны қолмен ұстамасам да алыстан жау келмегенін сезем. Арамызда жансыз боп өтірік күлген, жапырып жеп, жерімізді ойып, бізбен бірге атаконысты жайлап, малын байлап, ендігі ырысымызға былғаныш қолын салып, қасымыздағы қабырғаш елдің қолшоқпарларына жол ашып отыр. Әккі қулар ендігі ізін суытып та үлгерген болар, дереу атқа қонып, жылқылардың ізін барлайық, – деді.

Өн бойын құрсап, тұтасып тұрған таңғы қалың ұйқыдан жылдам арылып, тез серпіліп шыға келген Қыстаубай бөлін бекем буып сыртқа шыққанда, анасының екі қызметшісі мен ауылдың жылқышы жігіттері – барлығы он адам атқа мініп, күтіп тұр екен.

– Жігіттер, – деді Тыныштық ана қатқыл дауыспен мүлгіген түннің түндігін серпіп. – Ұрылар Ілені бойлап, сағалап төмен кетпейді, өйткені ол жаста біздің малымызды да, жанымызды да жасық білетін Арықтыным-Байшегірдің көргенді біі Тілеуғұл батыр отыр. Ол ұрлыққа, талан-таражға, барымтаға жаны қас адал адам. Алдымызда төскейімізді тіліп, көзін алартып, тістепін, бізбенен шендесіп, атақонысымыздың біразын иемденіп, көлденеңдеп көлкіп, орыстардың алдында беделі үлкен Сарыүйсін Сары би отыр. Оның арғы жағында Таңбалы таста Ілені қак айырып көшіп өтетін тас өткел. Оны бұрынан қалың елдің бөрі біле бермесе де, батырлар мен барымташылар ешкімге сыр ашпай, тісінен шығармай құпия ұстайды. Ұрылар біз жетпей Іледен ары асып кетсе де Алматының маңындағы қалың дулатқа сіңіп кетуі екіталай, неде болса олар Қаскелен, Көтентай өзендерін басып, Жаныс Туғанбай бидің иелігінен өтіп, Талғардың етегімен Тау Түргеннен бір-ақ шығып, одан ары Асы жайлауынан асып, қалың қырғызға бірден жетеді. Жылқымыз қырғыздың қолына тисе, құмға сіңген сумен тез, құмыр бойы іздесең де өзі тұрмақ, сүйегін де таппайсың. Сондықтан да аттандырып, сүйек сындырып, беркерге айғайлап, елді шұлатып алақтамай, бірден Таңбалы тасқа жетейік, – деді.

Тыныштық ананың артынан ерген жігіттер аттарын қамшылап, қарауытып жатқан қара жердің төсін дүбірлетіп кете барды. Танның аппақ пердесі аспаннан желбөрей түсіп, оның сәузелі сүттіей ақ жарығы дағала төгіліп, қалың шөптің басында мыңдаған мөлдір шық боп тұнып қалған. Өншейінде жадырап тұратын сәулетті жүзі мен бір көрген адамды күнше иілтп жіберетін қой көздері от пен күшке оранып, аттың үстінде тұлғасы құрыштан құйылған қырағы қайратты жас жігіттей қасқайып отырғанын көріп, Қыстаубай қатты қуанды әрі танданды. Көпті көрген Тыныштық ана өзі бастап, жолда жатқан Сары бидің ауылын айналып өтіп, жоқшықпалы соқпақсыз жермен, жыра-жыралардың арасымен атын желдіртіп, Іленің бойына төте қолмен төмен қарай құлдилай берді, құлдилай берді. Ықылым заманнан бергі ата-бабаларымыздың қашалған таңба, белгілерімен қатар, астарлы суреттері салынған, қасқайып тұрған Тас Шатқалдың етегіне, оның бауырында ағып жатқан дарияның бойына қуғыншылар шығыс жақ қызғалдақтай қызарып, күннің құлағы қияқтана көрінгенде жетті. Көрі Іленің бойы, судың табына тап-тастай екен, көктемнің күні жылы болар деп апыл-тұпыл жеңіл киіне салған Қыстаубайдың балғын денесі тітіркеніп, он бойы қалтырап кетті. Өншейінде сүйегім сырқырап тұр деп, тізе, жамбасын укалатып отыратын Тыныштық ана ауру-сырқауын мүлде ұмытып, дариядан кешіп өтетін өткелді ілезде тапты. Жан-жағы селдір-селдір қамыс, тарбиып өскен жеңғылды жағаладан Тыныштық ана атын қамшылай сырғып ағып жатқан мұздай суық суға қойды да кетті. Ісіннің көнбесіне қоймайтынын білген күшті жанұар бір ұшықынып алды да, алқымымен дарияның иірімдеде ағып жатқан қап-қара лайлы суын бұзып-жарып, құлағын жымқыртып, екпіні қатты ағысқа қарсы келмей, қиғаш-тай-қиғаштай арғы бетке сынаптай сырғып жүзе берді. Көрек көзге көрінбейтін, асты тасыен қалған тасты өткелді жаугершілік заманда батырлар қолмен жасады ма, жок әлде табиғатынан сондай ма, әйтеуір аттың табына тисе болды, өте сезімтал, түйсікті жануар емес пе, тұяғымен тарпып, бағытынан айырылмай, жағаның арғы жағынан бір-ақ шығады. Қыстаубай да анасының артынан «бісімбіл» деді де мұздай судан қорқып, оқыранып, көздері аларып тұрған жылқысын қамшылап, өзенге қойды да кетті. Тасқа табына тиген жылқы жұлдығып, ырғып-ырғып алға қарай жүзе берді. Тыныштық ананың ерен қимылының арқасында артынан ерген баласы мен он шақты жылқышы қарулы жігіттер Іленің сол жақ жағасынан бір-ақ шықты. Жай күндері жадырап жүретін ана қатыңқы дауыспен тас шатқалды дүр еткізіп: "Токтасын, аттан түсе те, ізді шошып кел!" – деп әбден тіс қаққан, шаруа баққан жылқышыға бұйрық берді. Ашан жүзді, аласа бойлы жігіт атынан лып етіп түсіп, жылдам-жылдам басып, қамыс пен жыңғыл өскен жағалауды еңкейіп қарап жүріп, алтын тапқандай ышқына: "Би апа, таптым, таптым, мынау біздің жылқылардың ізі. Осы жерден сүт пісірімдей уақытта өтіп кетсе керек!" деп жылдам-жылдам сөйлей, тапырлап жүгіріп келді. Мұны естіген ана біраз ойланып тұрды да: "Не де болса тездетіп Туғанбай бидің ауылына жетіп алайық, атыңа отыр", – деді де атына қамшы басты.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы Һәм тарихшы Жұмахан ҚОЖАМҚҰЛ ширек ғасырдан бері газетіміздің қоғамдық тілшісі. Тарихи-танымдық әңгімелері мен уақыт ағымына негізделген сүбелі мақалалары оқырмандарымыздың жадында. Белсенді авторымыз аға жасы алпысқа толып отыр. Осынау белеске кеудесі күмбір қазыналы қалпында, өзіндік көркем мәнер, соқпақ-сүрлеуімен көтерілді. Өзіне және еңселі әулетіне жарқын жақсылықтар тілей отырып, кезекті бір мәнді дүниесін назарларыңызға ұсынамыз.



Тасты шатқалдың, өркешті төбелердің бауырында, терең сайдың табанында сырғып ағып жатқан Іленің сол жақ жағасына аман-есен шыққан қуғыншылар, жоны күжірейген жоталарды бөктерлеп, Қапшағайдың өріне шыққан кезде, күн де көркін көрсетіп, көтеріліп қалған болатын. Желдің өтінде орналасқан құлдауыт, жаз бойы тықыр боп құрап жататын тасты жер быыл жауын көп болғандықтан көк кілемге оранып, аттың тұяғына оралған боз жусанның қышқылтым иісі танауынды қытықтап, алдан соққан самал жел беттен өпті. Қатты шаппаса да аттарын желдіртіп, жеңіл де жылдам жүріспен келе жатқан түсі суық қуғыншылар Қапшағайдың жазғына жеткенде, борпылдап жатқан құмға тіреліп, екпіндері біраз баяулап қалды. Құмды шағылды біраз басып, кішігірім Қаскелен өзенінен өткенде, қайтадан шүйгінді, шұрайлы, майлы қара топырақ басталды. Жіде мен талы сынсыған, қамыс құрағын жел тербеткен сазды шабындықпен жүріп отырып бұралып аққан Нұра өзенінің бойына да жетті. Қалың малы бытырап жайылып, ақ шаңқан үйлері самаладай жарқырап, ошақтардан бүркырап көкке көтеріліп жатқан ақ түтіннің иісі мұрныңды жарып, ерте оянып жатқан жаныс Туғанбай бидің ауылы көктеуде отыр. Құдай оңлап, бір жакка жолаушылап кетпей, ұзын бойлы, жібектей аппақ сакалы алқымына түскен Туғанбай би қолына тағын ұстап сыртта тұр екен. «Өкен өлсе де, әкенді көрген өлмесін» дегендей, ескікөз Ескелдімен талай аралас-құралас жүрген, талай-талай қызықтар мен қиыншылықтарды бастан өткерген, туған-туыстай боп кеткен көрі биді аман-есенінде көрген Тыныштық ананың жайсыз жағдайдан кейін қарауытып кеткен жүзіне қан жүгіріп, атынан жиырмадағы жігіттерше секіріп түсіп: «Би ата, амансыз ба, қалыңыз қалай?» – деп өлген әкесін қайта көргендей ерекше толқыныспен қартты қапсыра құшақтай алды. Қартайса да күш-қайратынан арылмаған, епті де есті би ерлерше киінген Ескелдінің ақылды қызын бірден танып: «Апырым-ай, Тыныштықпысың, ел-жұртың аман-есен бе?» деп қатты қуанып, құшағына басып, мөре-сәре боп жатыр. Сырықтай ұзын бойлы, сексенге келсе де әлі еңкеймеген, тобығына түсер ұзын шапаны ерекше кескін берген кеменгер қарт қанатын қомдап: «Қарағым, Тыныштық, ел-жұртын аман ба, үйге кір, төрлет» деп жатыр. Бірақ жаны байыз таппай тұрған Тыныштық ана сегіз қанатты бидің үйіне кірместен түнде болған дүбірлі оқиғаны бастап кетті. Кезінде өзі көзін көрген, дәмдес қолмен, талай сырласып, әңгімесіне тәнті болған есті би Ескелдінің қызы Тыныштықтың айтқанын асықпай тыңдаған, биліктен кетсе де тұғырынан таймаған көрі би асықпай ойлана келіп, шұғыл шешімге келді.

– Қой, ұрының ізін суытпайық. Олардың Таңбалы тастағы Жанай өткелінен өткен соң, Күргі, Ақши жакқа бет алуы екіталай. Неде болса алар, сендер жатқан, Қапшағайдың шығыс жағынан бері өткеннен соң, Іленің сол жағамын жүріп, қалың жыныстың арасымен жоғары өрлеп, біздің жұртқа көрінбес үшін, Қырбалтабайдан бір-ақ шықпақ, Тау Түрген арқылы Алатауды сағалап, Асыны асып, түбі қырғыздарға баратын боп тұр, көздегені сол. Шапыраштының Теке руы зізрге бізге қарап тұр. Сол елдің басты биі Биәмбет қазір Түргенде отыр, соған ат шаптырайық та өзіміз мына Іле бойымен жүріп отырайық», – деді.

Қиянатқа жаны қас, әділдігімен аты шыққан, Туғанбай би қасына орта бойлы, мығым денелі, күш атасы бойына қонған шойындай қара жігітті шақырып алып: «Сен дереу Тау Түргенге шап. Ол жердегі Биәмбет биге жолығып, менің сөзімді жеткіз. Жылқы айдап бара жатқан, суыт жүрісті бейтаныс біреулер болса, бірден ұстап, байлап-матап тастасын. Түргеннен адам тұрмақ, ызындаған шыбын өтпесін деп менің айтқанымды Биәмбет биге баса-баса айт», – деді. Айтқанда да зілді дауыспен айтты. «Тура биде туған жоқ» дегендей, әділ жолдан таймаған Туғанбайдың батыра-батыра айтқан қорғаспындай салмақты сөздері Тыныштық ананың жанын жадыратып тастады. Көпті көрген көрі бидің өзі атқа қонып, қасына қарулы он жігітті ертіп, барлығын қосқанда жиырма шақты адам Іленің сол жақ жағасымен қона-қамыс, жиде, тал, қалың жыңғыл, майда құрақ қа-

Жұмахан ҚОЖАМҚҰЛ, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қапшағай қаласының Құрметті азаматы

мыстың арасымен қанды балақ ұрылардың соңына түсіп. Сексенге келіп, шау тартқан, Жетісудағы қалың үйсіннің дауын шешкен, алкалы топты қаж жарып, көптің алдында отырап Туғанбайдың қартайғанда атқа қонып, қарақшылардың артынан өзі түскені айналадағы елді таңдандырды. Әрі ағасы, әрі замандасы, ел басына күн туған күрделі кезендерде бір-біріне көмек қолын созған, аты Алашқа кеткен Төле бидің туған немересі, Жалайырдан мыннан тұлпар боп шыққан есті би Ескелдімен өте жақын араласып, туған-туыстай боп кеткен атақты би Туғанбайға эз ағасының қызы Тыныштықтың басына түскен зобалаң өзіне тиген соққыдай болған еді.

Ерте көктемде қалың жұрт жайлауға көшпей тұрған мезетте Жаныс елінің негізгі көктеуі болып саналатын жынысты Іленің жасасы мыңғырған малға толы болады. Осыны ескерген қарақшылар таң атар-атпастан мал баққан малшылардың көзіне түспей Түрген арқылы таудың ішіне кіруді мақас етті. Тіс қаққан жырынды ұры өзі жол бастап, оның артынан ерген қарақшы ескі тәсіл бойынша үйірдің анасы көрі биені қол арқанмен жетектеп, соның артынан байлаусыз жүрген елу жылқыны шашау шығармай бастырмалата айдап келе жатқан үш жігіт – барлығы бесеу, уақытты ұтып, қона-қамыс, жиде, тал, бұта-бұтаның арасымен жоғары өрлеп ұзап бара жатты. Алда желе-жорта із кесіп бара жатқан жиырма шақты жігіттің артынан бір елі қалмай Туғанбай би мен Тыныштық ана суыт келеді. Біз істің басты тізгінін қолына алған көрі би ертенгі уақытта, балбырап жатқан Іленің нулы даласын зор дауысымен қақ жара: «Жігіттер, із бар ма?» деп айғайлады. Жастайларынан кәнігі кәсіпті ерте әрі жаксы меңгерген, топырлап өткен із бен шыырлап жатқан малдың ізін тез аңғаратын қырағы жігіттер қуаныштары қойнына сыймай: «Таптық, таптық! Табылды, табылды!» деп жауап қайтарды. Етісірім уақытта із кесіп келе жатқан қуғыншылар сазы мен батпағы көп Қырбалтабайдан ары асып, Түргеннің қара топырақты құйкалы қырқасына шыққанда, алыстан қарауытты, қара толқындай бүркырап тұрған қалың жылқыларды бір жерде иірген қалың топты көрді. Алда жортып бара жатқан арынды ат мінген аршынды жігіттер бірден: «Би аға, жоғымыз табылған секілді!» бәрі бірден дауыстап қоя берді. Қуш-қайраты кемісе де намыстан өртеніп атқа қонған Туғанбай би: «Ақсарбас, ақсарбас!» деп, алға шығып атына қамшы басты. Тыныштық ананың жылқыларын қандықол қарақшылардан айырып, ұрыларды көгендеп байлап тастаған жаужүрек жігіттер алда күтіп тұр екен. Діттеген жерге желе-жортып жеткен Туғанбай би мен Тыныштық ананың алдынан шығып, абыройлы адамдардың аттарынан түсуіне көмектесті.

«Асалауамағалейкүм, құрметті ел ағалары, мұндай жағдайда сіздермен жолығамыз деп ойламаппын» деп ұзын бойлы, денелі, екі иығына екі адам мінгендей зор жігіт қой көздері жадырап, аса ризашылықпен батырларша сак-сак күлді. «Уағалейкумассалам, Биәмбет! Бәрекелді, бәрекелді, сенің қырағы да жылдам екендігіне ешбір күмәнім жоқ еді. Сенімдімі тағы бір ақталың!» деп қуаныштан сүйінген Туғанбай би даладай дарқан кеудесіне қарағайдай биік батыр жігітті қысты. Кәрі би мен батырдың құшағы жазылғанда барып, Туғанбай би қасында қонырқай жүзі ризашылықтан жайнап тұрған Тыныштық анаға қарап: «Мынау мен өзіне айтқан Шапырашты Теке руының белді биі Биәмбет» деп таныстырды. Адамды ойсыратар оқиғадан таудай мұнартып келе жатқан жаны жайсаң ана күтпеген қуаныштан Алатаудай арқаланып шыға келді. Аналық мейірін төгіп тұратын қой көзді үлкен жанарларына жас үйіріліп: «Рахмет, бауырым, арымды дұшпанға таптаптың, абыройымды тағы бір асырдың! Мәлым жанымның садағасы, мына жылқыдан қалағаныңды ал!» деді. Алпамыстай алып денелі Биәмбет би күректей аппақ тістерін көрсете, асқабақтай үлкен басын жоғары көтеріп алды да: «Би ана, адамның күні адаммен, пейіліңізге мың да бір рахмет. Мен Қабан жыраудың туған жиенімін, яғни сізге де бөтендігін жоқ. Одан да менің ақ ордамды айналып өтіп кетпей, үйге жүріңіз, Туғанбай ағаммен қонақ болып, кетіңіздер!» деп ағынан жарылып, қонақжайлық танытты.

Қолды болған малын тауып, ерекше толқыныстан әрбір айтар сөзі көмейіне тығылған Тыныштық ана бойын тез жинап

алды да: «Рахмет, бауырым, жоқ іздеп кеп, сенің ақ орланда қонақ боп жатқанымыз болмаса, аманшылық болып, Алла бұйыртса, өзім арнайы келіп, жол-жоралғыңды қолына тапсырармын. Сендей жігіттер елде көп бола берсін, өзіңді Алла жарылқасын!» деп батасын беріп, малын айдап, Туғанбаймен кері қайтпақшы болды. «Мына ұрыларды орыстың ұлығына тапсырам, өз заңдары бойынша бұларға үкімді өзі шығарсын! Екеуі албанның, үшеуі қанлының жігіттері екен. Сіздің жылқыларды қарақшылардың қолдарына шығарып беріп отырған Сары үйсін Сары бидің адамдары болып шықты» деп Биәмбет би қоптасып қала берді. Бұл сөзді естігенде басында өзі топшылағаны деп шығып, Тыныштық ана: «Бөрі қайда деме, бөрі бөрік астында» демекші, жау сыртта емес, иек астында екен ғой?!» деп ойлады. Бөрі шыққаннан кейін Туғанбай қара бұлттай түнеріп: «Апырым-ай, қартайғанда адасқаны ма, әлде алжасқаны ма? Сары бидің бұл не қылғаны? Оның ала жібін аттайтындай нендей қиянат істеп едің, қарағым-ау? Ақылға сыймайтын іс қой бұл!» деп қатты күйінді. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, өз әкесі Ескелдінің жолын көрген, ғибратын алған мына қарттың мәрттігіне, қара қылды қаж жарған әділдігіне, туыстық пен достыққа ешқашан көлеңке түсімейтін адалдығы мен беріктігіне риза әрі тәнті болған Тыныштық ана: «Би аға, маған қылған жақсылығыңызға мың да бір рахмет! Сіздің алдыңыздағы қарызымды, парызымды егер мен өтей алмасам, мына менің балам, он бес жасар Қыстаубай өтер! Ол барлығын өз көзімен көрді, ой елегінен өткізді, санасына салды, айтқан сөзіңізден өнере алды. Ендігі өтінерім, осы Қыстаубайым, бір атаның баласы емес, қалың елдің данасы болсын, қара халықтың панасы болсын, жалғызыма батаңызды беріңізші!» деп көрі биге салмақ салды. Бүгін жолы болып, асығы алшысынан түскен, қызыр қонған дуалы ауыз киелі би емес пе, Туғанбай мұны күткендей, бір ауыз сөзге келместен, орта бойлы, ашан жүзді, маңдайы жазық, жанары шамдай жарқырап тұрған, бозбалаға жіт қаралды да: «Қолдарыңды жайыңдар, ұлық болсан, кішік бол, іске келгенде пысық бол! Халқыңның қамын, еліңнің абыройын ойла, бірлігін берік ұста, бабанның мерейін, атақ-данқын еркінан үстем ет, биік тұғырға көтер! Ит аяқтай қаңсып, аяқ асты қалмасын! Ар-ожданңың сүттен ақ, судан таза болсын! Өтірік сөзге жолама, қанша қиын болса да шындықты айт! Құлқынның құлы болма, ұлттыңның ұлы бол, қасқиміңді ешкімге берме, өзгеніңн қиме, қалтана пышақ салма! Алла жарылқасын, Аллағуақпар, әумин!» деп ет қалмаған, тамырлары білемденіп тұрған салалы ұзын саусақтарымен бетін сипады.

Он бес жастағы бозбала анасы айтқан-дай танертеннен бері Туғанбай биден бір елі қалмай, әрбір қимылын жіті қадағалап, әрбір сөзін санасына салып, жадында сақтап келе жатқан Қыстаубай атасының батасын алып, көңілі судай тасып, бойы таудай көтеріліп қалды. Шенгелдінің өрінен қысы-жазы ақ қарға оранған ақ басты Алатау алыстан мұнартып тұрушы еді, енді қол созым жерде, Төңірдің тағындай аппақ боп жарқырап тұр екен! «Қайтқан малда қайыр бар» деп, қолды болып кеткен жылқыларын кері айдап, көпті көрген қонекөз қариямен әңгімелесіп, ат үстінде өткен-кеткенді еске түсірісіп Нұра өзеніне жеткенде, күн батып, айнала қарауытып, ымырт түзе бастады. Көктемнің кеші ілезде суып, піш шыңдарында қадалып қар жатқан Алатаудан бойынды шымырлата қалың ызғар келді. Туғанбай бидің үй іші, ағайын жұрты, сыртта дабырлап, ел ағасы бүкіл алты Алашқа аты шыққан Ескелдінің қызымен әне келеді, міне келеді, деп жолға қарап алақтап тосып отыр екен. Істің онды шешілгеніне қатты қуанған олар дастарқаны жайнап тұрған сегіз қанат боз үйге кіргізіп жіберді. Қасында іргелес жайғасқан, Іленің оң жағын ата-бабасының жеріндегі иемденіп, Жалайыр Балғалының құтты қонысын ортасынан ойып отырған Сары бидің қандықол қарақшыларды айдап салып, аш қасқырдай бүйірден тиген озбыр қылығы Туғанбайдың жанына қатты батты. Жалайыр Бейбіт Кенбабин, Ботпай Қапсаламов Диканбай батыр, Жаныс Туғанбай би сияқты қазақтың сенімді өкілі ретінде орыс үкіметінен арнайы қомақты жалақы алып, Жетісу облысының Құрметті адамдары деген тізімге ілініп, асығы алшысынан түсіп тұрған сұрқылтай биге не айтарсың?

Он тоғызыншы ғасырдың басында Қокан хандығы ұйқысынан оянып, қанат жая күшейіп, сонау Түркістан, Шымкент, Әулиеата маңындағы атам заманғы қазақтың жерін тартып алып қана қоймай, жегеніне тоймай, қалың қарулы қолмен Алматының түбіндегі Қаскеленге дейін жетіп, Іленің сол жақ қапталында, асқаралы Алатаудың өрінде, Алмалының төрінде бейбіт заман кешіп отырған Ұлы Жүз Үйсін руларына қаптап кеп қырғидай тиді. Мұндайды күтпегенге жайбарақат өмір кешіп отырған қалың ел қатты қысымға түсіп, барынан айырылар шақта, олардың билері «Жалайырға бары қосылайық, нокта ағамыз ғой, жұрт басына күн туған тұста қамқор болар, көкірегімізден итеріп жібермес» деп Іленің оң жағына жетпіс мың қалың дулат жапырыла көшті. Аяғөзден Ілеге дейінгі Жетісу өзендерінің бойын, нулы, сулы, таулы, тоғайлы, далалы, құмды ен аймақты билеп тұрған Жалайырдың басты биі Балпық тығырыққа тіреліп, қиналған қорғансыз қалған қалың жұртты құшағына тартып, дарияның оң жақ алқабынан жайылым жер бөліп берді, қиын-қыстау заманда далада қалдырған жоқ. Балпық бидің жақсылығын Қоканнан тепкі көріп, қалың Жанысты артынан ертіп келген Туғанбай би де, құмалақтай шапырап жатқан Шапыраштыға бас болған Сарыбай би де, Сарытауқұм, Ақши, Күртіден жұртымен жеткен Сарыүйсін Сары би де, Ташкент жактан келген жаудан әбден зәбір көріп, жасып қалған жұртымен Шу өзенінің аңғарынан осы жакқа бауырымдап бет алған Шымыр Дәуітәлі Боктыбаев та, Меркіден асып, Алатауды сағалап, осында келіп, бейбіт өмірге кенелген Ботпай Диканбай батыр Қапсаламов та көрді. Балпық бұл дүниеден өткеннен кейін, Іленің оң жақ қанатында – Көксу, Қаратал өзендерінің бойында отырған Үйсін-Дулат, Шапырашты руларының беделді билері бірігіп, орыс патшасына хат жазып, өздеріне жаңа уезд басқармасын ашып беруін өтінді. Жетісу қазақтарының бұл тілегі ұзақ сөзбұйдаға салынып, ақыры 1848 жылы жаңа Ұлы Жүз орасының қалың елін басқаратын Қапал приставствосы, қазақша айтқанда, жаңа әкімшілік құрылды. Енді осы әкімшілікке тікелей бағынатын Жетісудың белді руларының басты билері – Жалайырдан Балпықұлы Тіленші, Бейбіт Кенбабин, Жайнақ Темірбеков, Бақай Мықтыбеков, Тілеуғұл Тілеубаев, Бөлек Тасыбаев, Есет Дәулетбаев, Құлжабай Садыров Тайсарытегі, Есенгелді Ескелдин, Суаннан Қожмамбет Ебеев, Албаннан Қожагелді Райымбеков – Райымбек батырдың баласы, Тазабек Пусырманов, Жайнақ Абқаев, Атамқұл Байтекин, Шапыраштыдан Сарыбай Айдосов, Ботпайдан Диканбай батыр Қапсаламов, Сарыүйсіннен Сары Алтаев, Шымырдан Дәуітәлі Боктыбаевтар тұтасып қалып жатқан Жалайыр, Үйсін-Дулат, Албан, Суан руларының атынан бас көтерді. Орыс билеушілері құйтырқы саясатқа басып, қазақты басқарып отырған, лауазымы жоғары, билігі үстем Абылай ханның ұрпақтары – Жалайырдың сұлтаны Сөк, Дулаттың сұлтаны Өлі, Албанның сұлтаны Тезектермен қатар, қарадан қақ жарып қасқайып шыққан Жалайырдың биі Бейбіт Кенбабинге, Сарыүйсіннің биі Сары Алтаевқа, Ботпайдың арқа сүйері, батыр Диканбай Қапсаламовға, Жаныстың беделді биі Туғанбай Қойгелдинге үлкен жалақы тағайындап, шен-шекпен беріп, омырауларына жарқыратып медаль тағып, сый-сияпат көрсетті. 1861 жылы Ұлы Жүз қазақтары Жетісу жеріне келіп, орнығып алған орыс әскерімен бірігіп, Қаракастек маңында қокандықтарға ойсырата соққы беріп, қаарыны жаудың жағын айырып, жеңіске жетті. Қаары кеміп, жүні жығылған Қокан хандығының қалың әскерін қуғаннан қуып отырып, байырғы шаһарлар Сайрам, Шымкент, Ташкент жерлерінен ары асырып, қысымға түсіп, тығырыққа тіреліп отырған қазаққа атақоныстарын қайта жайлауына мүмкіндік туғызды. Тарихи Іленің сол жақ қапталы толықтай қоканнан азат етілген соң, Үйсіннің қалың жұрты қиын заманда қамқор болған Жалайырдың еліне, үлкендеріне алғысын білдірген соң, Жаныс Туғанбай, Шапырашты Сарыбай, Шымыр Дәуітәлі, Ботпай Диканбай өз қандастарымен Дарияның арғы бетіне, Асқаралы Алатаудың құйкалы етегіне, құтты атамекеніне көшіп кетті. Тек қана Сарыүйсін Сары би туған жері құмды аймақ Күргі, Ақши, Сарытауқұм атты атақонысына көшпей, отырып алды. Балғалы-Қайшылы болысының аға сұлтаны Бөлек Тасыбайұлы жасы үлкен ағам ғой деп, Сары биге арнайы барып: «Ел басына күн туғанда, біздің би Балпық ата-ласа Үйсіннің баласы ғой деп, әуелден бері атақонысымыз – кіндік кескен жерімізді сіздің елге беріп, балғалыларды уақытша Қараталдың бойына, Қоғалының сазына көшірген болатын. Енді қауіп жоқ, бейбіт өмір келді, қой үстіне бозторғай жұмыртқаған кезең жетті, үркіншілік заман өтті, бұрынғыдай қокандап тұрған қокан жоқ, Би аға, атақұртымызды босатып беріңіз. Кезінде көмек сұрап, қиналып келгенде қол ұшын берген Балпық бидің аруағына көлеңке түсірмеңіз!» деп елдің тілегін білдірді. Бірақ біраз жас үлкендігін, әлі де орыс билігінің алдындағы жоғары беделін алға тартқан шатақ та шақар, қитығына тисен қырсығып қалатын көрі Би өзінен жас айырмашылығы бар Бөлектің сөзін елегісі келмеді. Бұған назаланып, қатты ашуланған Бөлек би: «Ат төбеліңді аз ғана Сарыүйсінді кіндік кескен жерімінен қуып тастар ем, бірақ етке табаң, сүйекке қал, ел арамын жік түсірмей-ақ қойың. Қайтсем бұл істі бейбіт жолмен шешейін!» деп Қапал уезінің, Алатау округінің шені үлкен, лауазымы жоғары басшыларына қайта-қайта шағымданып, хат жазды. Бірақ бидің бұл ұсынысына салқын қараған орыс әкімшілігі сөзбұйдаға салып, арада біраз жыл өтті. Атақ-данқы өзіменен теңдесіп, беделі мен билігі шендесіп тұрған, артында қалың елі бар Бөлекке бағынбай, көмейі кен орыстарға бара беріп, соларға иек артып жүрген Сары би, кетіп жүрген кегін «құл ашуын қуттаннан алыпты» дегендей, қанлы мен албанның суыққолды барымташыларына қайта-қайта шағымданып, хат жазды. Бірақ бидің бұл ұсынысына салқын

▲ ОНЕГЕ

Мариям Айтбайқызының өмір есігін ашуы Екінші дүниежүзілік соғыспен тұспа-тұс келеді. 1940 жылы Шығыс Қазақстан облысында кіндік қаны тамғанымен Жетісу жеріне келін болып, тамыр жайды. Жігіттің сұлтаны, аймақтың өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан Марат Байқановпен шаңырақ көтеріп, ел қызығарлық жұп болуы бір емес, бірнеше кітапқа жүк боларлық дүние. Жә, бұл туралы кейін кеңірек тоқталамыз. Алдымен қарапайым ғана жұмысшы Айтбай мен Қазира отбасын қуанышқа бөлеген нәресте жайлы сырмен бөлісек.

Ата-анасына, бір әпкесі мен бес ағасына еркін еркелетпей, қыз болып қуыршақ ойнауға мүмкіндік бермей балалығын ұрлаған сұм соғыс басталғанда үлкен ағасы Мерғазы танк әскерінде жаумен алысып, 1941 жылдың аяғында Киев түбінде қайтыс болады. Одан кейін екінші ағасы Мерқан да ұшқыштар мектебін бітірген соң майданға аттанды. Өлім мен өмір айқасында бүтін адамзаттың, әлем елдерінің тағдыры сынға ұшырап жатқан тұста әкесі Айтбай да 45 жасында соғысқа шақырылады. Кенжесін құшырланып іскен үлгермеген, бал қылығын қызықтап бітпеген әкеге осылайша қару асынуға тура келді.

Үлкен ұлының жаназасынан кейін анасы Қазира небәрі 40 жасында жүрек талмасынан қайтыс болып, өмірімен қош айтысты. Аузынан ана сүті кетпеген Мариям бұл кезде бар болғаны 2 жаста еді.

Бұл қайғылы оқиға Шамшия әпкесі мен ағалары Нұрхан, Уәлихан, Әмірханға да оңай соқпады. Ойда жоқта анадан айырылып, анырап қалғанда жандарына үміт сәулесін сепкен әкелері болды. Алланың қалауымен, періштедей нәрестелерінің тілеуімен араға 9 жыл салып, әкесі 1954 жылы соғыстан аман-есен оралады. Жалғыздық Құдайға ғана жарасқан. Әкесі екінші рет үйленіп, осы некеден Нұржамал, Гүлжамал, Гүлнарар, Роза атты 4 сіндісі мен Сейілхан есімді бір інісі өмірге келеді.

Соғыстан кейінгі қайта қалпына келтіру кезіндегі еңбек Мариямды ерте есейтті. Бала кезінен бастап еңбекқорлыққа, шыдамдылыққа бой үйретіп, сабырлы, ибалы, инабатты болып бойжетті. Еңбектің наны тәтті екенін осы кезде шындап ұғынды. «Тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген Әлихан Бөкейхановтың сөзін басшылыққа алып, ел ертеңі үшін тынбай еңбектенуге бел байлады. Бір шетінен көпағайынды атануы да көпшіл болуға үндеп, өзінің ғана емес, айналасындағы жақындарына да қамқорлық танытуға ықпал етті. Бұл ізгі қасиеттер алдағы күндеріне шуақ шашып, жолымен бірге бағын ашты. Оның шапағатын бір қауым елі көріп, қазір толассыз алғыс жаудыруда.

Мектеп қабырғасында жүргенде көшбасшылық, ұйымдастырушылық қабілеттерімен көзге түсіп, үздік оқушылардың қатарында болды. Жетінші сыныпты бітірген соң 1956 жылы Семей педагогикалық училищесіне оқуға түседі. Оны 1959 жылы үздік тамамдап, тамыз айында жолдамамен Жетісудың жүрегі Талдықорғанға келеді. Еңбек жолын балабақша тәрбиешісі болып бастап, кейін қалалық комсомол комитетінде қызмет етеді. Білімін жетілдіру мақсатында 1961 жылдың 1 қаңтарынан 30 маусымға дейін Мәскеу қаласындағы Жоғары партия мектебінде алты айлық курстан өтеді. Мәскеуден келген соң аудандық комсомол комитетінде мектеп бөлімінің меңгерушісі қызметінде мектеп, училище, техникумдардың пионер, комсомол ұйымдарымен жұмыс істеп, әртүрлі мәдени, патриоттық шаралар ұйымдастырды. Өскелең ұрпақты Отанды сүйіп, оны бағалауға, бойында бар қабілетті ашуға, ыждағатпен еңбек етуге баулыды.

Дәл осы жылдың қазан айында шаруашылық саласында малдәрігерлік міндетін талай жыл адал атқарған болашақ жары Марат Құрмашұлымен танысады. Жұмыс бабымен мектеп, училище, техникумдарды аралап, әртүрлі мерекелік шаралардың басы-қасында жүрген Мариям Айтбайқызы Қазан мерекесі қарсаңында ветеринарлық техникумға келеді. Онда көбіне өндірістен келген немесе әскери борышың өтеген студенттер оқитын. Жеті қырлы, бір сырлы 3-курс білімгері Марат Байқанов сахнаға шығып, «Дело было в Пенькове» фильміндегі «От людей на деревне не спрячься» деген әнді нақышына келтіріп шыққайды. Оның сурет салумен, қабырға газетін шығарумен айналысып, өнері арқылы көптің құрметіне бөленіп жүрген кезі. Екеуінің де жүрегіне жылылық сыйлап, махаббат жемісін екен таныстық тамырланып, кейіннен кинотеатрға, концертке бірге барып, саябақ аралайтын бақытты шақтарды бастан өткерді.

Өмір бір қалыпта тұрмайды. Мариям 1962 жылдың қаңтарында Алматы облыстық комсомол комитетіне жұмысқа ауысып, онда 1963 жылдың ақпан айына дейін қызмет етті. Арadaғы жүздеген шақырым екеуінің арасын алшақтатпай, керісінше, сүйіспеншілік сағынышты арттырып, махаббаттың мәнін терең ұғынуға сеп болды. Марат мереке немесе демалыс күндері барып, ару Алматының көшесінде бірге қыдыратын. Оның көпшіл, жайдары мінезі, адамдармен тез тіл табысуы, орынды қалжыңдайтын қасиеті адами болмысын биіктете берді.

1963 жылы ақпанда басталған комсомолдың есеп беру конференцияларының нәтижесінде Мариям Айтбайқызы Талдықорған ауданына өкіл болып келіп, осында аудандық комсомол комитетінің 2-ші, біраз уақыттан кейін 1-ші хатшысы болып сайланды. Осы қызметте жүрген кезінде екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтен мақтау естиді. Бұл туралы бірге қызмет етіп, тумай туысқан атанған әріптесі Жекен Жетпісбаев:

— Мен ауылдық комсомол комитетінің хатшысы болып жұмыс істейтінмін. Мариям Айтбайқызы аудандық комсомол комитетінің хатшысы. Біздің ауыл республика бойынша барлық көрсеткіштен алдыңғы қатарда еді. Сондықтан аймақтардан бөлек, шетелден арнайы келетін делегаттар көп болды. Ауылды, ондағы мәдениетті, жетістіктерімізді көруге келген делегаттарды Мариям Айтбайқызы жастармен таныстыратын. Нұрмолда Алдабергенов жастарға ерекше көңіл бөлетін. Сондай жиындарда тәрбиелік сөздерін айтатын. Әлі есімде, делегаттар қайтып кеткен соң Нұрмолда ағамыз бәрімізді жинап алды да: «Мариям деген қызды қараңдаршы, қалай сөйлейді, киген киімі қандай, сөзі нық, өте мәдениетті, білімді, тәрбиелі қыз екен. Біздің қыздарды да солай тәрбиелеу керек. Еңбекке талпындырып, оқыту қажет. Кірген кірісі, сәлемдескені, жағдайды түсіндіргені қандай тамаша?!», — деп танқалатын. Бір емес, бірнеше рет бізге үлгі, өнеге, мақтаныш етіп айтқаны көз алдымызда. «Қазақ қызының барлығы осындай болса, шіркін-ай» деп аузынан тастамайтын, — деп әңгімелейді.

Шынымен, Нұрмолда Алдабергенов секілді қоғам қайраткерінен мақтау есту — бәріне бірдей бұйыра бермейтін бақ. Тұмысынан қарапайымдылықты бойына сіңіріп өскен Мариям Айтбайқызына



НҰРМОЛДА

МАҚТАҒАН

ҚЫЗ

Қазақ қашанда қыз баланы ерекше қадірлеген. Басқа ошақтың түтінін түтететін, шырағын жағатын оларды қонақ тұтып, төрден орын берген. Ақын мен батырды да, әнші мен күйшіні де, би мен шешенді де өмірге әкелген ардақты ана. Сол себепті небір мықты да, алып та ананың алдында бас иген. «Ұлтыңды тәрбиелеймін десең — қызыңды тәрбиеле!» деген даналық сөздің мәні тым тереңде жатыр. Ел мақтанышы, даңқты батыр Бауыржан Момышұлының «Жер бетіндегі ең батыр адам... ол — қыз. Мен қанша батыр болсам да бөтен, танымайтын елде бір сағат та тұрғым келмей қашамын. Ал, қыз болса, барған жерінде жалғыз өзі өмірінде көрмеген, танымайтын адамдармен тіл табысып, сол елді біріктіре, сыйлата да алады» деген сөзі ерекше қабілетімен халықтың ыстық ықыласына бөленген Мариям Айтбайқызы Байқановаға арнап айтылғандай. Оған себеп тым көп. Олай болса, қазақ деген ұлттың маңдайына бақ боп біткен қаһарман қыздың өмір жолына үңілейік.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

берілген бұл баға қызметтік жолында жаңа жетістіктерді бағындырып, биік белестерге шығуына септігін тигізді. Бірақ та мақтан қырып, пенделікке бой алдырмады. Абай Құнанбаев айтып кеткен «бес асыл істі» шамшырақ қылып, болашағына бағдар ете білді.

Алматыда жүріп көшелері тап-таза, биік ағаштар сән беретін, сағынышқа айналған Талдықорғанға қайта оралғанда қуанышында шек болмады. Марат Байқанов 1964 жылдың маусым айында техникумды бітіріп, қалаға да, облысқа да қызмет көрсететін қалалық ветеринарлық стансыға жұмысқа қабылданды. Сол жылы екеуі шаңырақ көтеріп, отбасылық өмірге қадам басты. Арман-мақсаттары бір арнаға тоғысқан жалынды жастар ізденуден талмай, білім қуды. Мариям С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірсе, Марат Алматы малдәрігерлік институтының ветеринария факультетін тамамдайды. 1964 жылдың қараша айында Айгүл, 1969 жылдың мамырында Мәлік есімді ұл-қыздары өмірге келіп, бал қылығымен қуаныш сыйлады. Әке, ана атты ұлағатты атаулардың жауапкершілігін сезіндіріп, өмірлерін мәнді де сәнді қылды.

Маңдай термен еткен еңбегі еленіп Мариям Байқанова 1965 жылдың наурыз айында аудандық кеңестің депутаты болып сайланып, Талдықорған аудандық атқару комитетінің хатшысы қызметінде 1968 жылдың қаңтар айына дейін қызмет етті. Кейін Талдықорған облысы қайта құрылуына бай-

ланысты облыстық кәсіподақтар кеңесіне жұмысқа орналасып, мемлекеттік мекемелер жұмыскерлері кәсіподағының облыстық комитетінің төрағасы болып қызметі өседі.

1973 жылы маусым айында облыстық партия комитетінің хатшысы Бәйкен Әшімов шақырып, еңбегін ерекше бағалайтынын айтып, Ақсу аудандық партия комитетіне жұмысқа жіберу жөніндегі пікірін білдіреді. Мариям Айтбайқызы артылған үлкен сенімі үшін алғыс айтып, Ақсуға барудан бас тартады. Бұл мәселе жабылды деп ойлағанмен қыркүйек айының басында өзін жақсы танытын облыстық комитеттің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, облыстық комсомол комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы Меңғали Жаксыгелдінов телефон соғып: «Ертең сағат 12-де облыстық комитеттің бірінші хатшысы Әріпбай Алыбаев сізді партия билетімен шақырып жатыр. Ол сіздің Ақсуға барудан



бас тартқаныңызды біледі. Осы жолы келісуіңіз керек», — деді. Белгіленген уақытта келгенде Әріпбай Әлібайұлы да жайбаракат әңгіме өрбітіп, отбасы, жұмысы туралы сұрап келіп, 2 күннен кейін Ақсу аудандық партия комитетінің пленумы болатынын қысқаша айтты. Пленум өтіп, Мариям Айтбайқызы сонда хатшылыққа сайланады.

Осылайша елдің беткеуістар қос маманы өмірлерінің ең жарқын сәттерін Ақсу өңірінде өткереді. 1973-1982 жылдары ауыл, аудан, қала берді қала сөрелерінің бос қалмауы үшін қажырлы еңбек етті. Осы жылдары облыс экономикасы қарқынды өрлеп, Ақсу ауданы социалистік жарыста жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін бірнеше рет КСРО және Қазақ КСР-нің ауыспалы Қызыл туына ие болды.

Мариям Айтбайқызының басшылығымен өңірде әлеуметтік-мәдени саланы дамытуға көп көңіл бөлінді. Аудан орталығында, «Қаракез», «Қосағаш» кеңшарларында типтік орта мектептер салынды. І. Жансүгіров атындағы кеңшарда орта мектеп, музыка мектебі, Мәдениет үйі, фельдшерлік пункт бой көтерді. Оның игілігін көрген халқы ризашылықтарын білдіріп, басталған әрбір игі іске қолдау көрсетіп, береке-бірлікте жұмыс ітеді. Ақсу ауданында қызметте жүргенде еңбегі бағаланып екі рет мемлекеттік наградаларымен марапатталды. Оның бірі — «Ерен еңбегі үшін», екіншісі — «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі.

1982 жылы халық депутаттары облыстық кеңесінің депутаты, ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, атқару комитетінің мүшесі болып сайланды. 1991 жылы облыстық кеңес төрағасының орынбасары болып, зейнетке шыққанша осы қызметті абыроймен атқарды. Комсомол, партия және мемлекеттік органдарда көп жыл еңбек еткені үшін арнайы зейнетақы тағайындалды. Бейнетінің зейнетін көрген Мариям Айтбайқызы мен Марат Құрмашұлына Ақсу ауданының құрылғанына 80 жыл толуына орай өткен салтанатты жиында «Ақсу ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді. Ал, 2011 жылдың желтоқсан айында Мариям Байқанова «Алматы облысының Құрметті азаматы» атағын иеленді.

Қызы Айгүл С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітіреді. Одан кейін 4 жыл облыстық ет-сүт бірлестігінің заң кеңесшісі, кейін Мемлекеттік мүлік комитетінің аппаратында, Қаратал ауданының, Алматы облысының және ҚР Бас прокуратураларында қызмет етіп, қазіргі уақытта ҚР Жоғарғы Сот Төрағасының кеңесшісі жұмысын абыроймен атқарып жүр. «Әке көріп, «ок жонган» ұлы Мәлік жол училищесіне түсіп, автогрейдер мамандығын алып, әскер қатарына шақырылды. Әскерден кейін Өскемен жол институтына оқуға түсіп, денсаулығына байланысты оны бітіре алмады. Талдықорған педагогикалық институты мен Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясында білім алды. 15 жыл кеден органдарында, оның 5 жылында Ақтау қаласында жұмыс істеді.

Мариям Айтбайқызы қазіргі уақытта немере, шөбере сүйіп отырған бақытты әже, 60 жыл отасқан адал жары Марат Құрмашұлы 2021 жылдың 5 маусымында бақиға атанды. Бүгінде жора-жолдастары, бірге қызмет еткен әріптестері үлкен сағынышпен еске алады.

Өмірдің ыстық-суығын қатар көріп, ұлын ұлықты, қызын қылықты етіп өсірген әже кез келген мәселелерді байсалдылықпен, тиянақты етіп шешетін, жаны жомарт жанмен жолықтырған Алла Тағалаға сансыз шүкіршілік етеді. Жетістік пен кемшілік, қуаныш пен қайғыны қатар білсікен олардың өмір жолы көпке үлгі. Екі жарты, бір бүтін болып ғұмыр кешкен олар, тіпті, туыстарына да ешқашан «сенік», «менік» деп бөлген емес. «Қонак келсе құт келеді» демекші, үйлеріне келген қонақ рухани, мәдени байып қататын. Сондықтан да туған-туыс, жора-жолдастарының ортасында беделді, сыйлы болды.

Барлық қажыр-қайратын елінің ертеңіне арнаған Мариям Айтбайқызына мықты денсаулық, қажымас қайрат, Нұрмолда Алдабергенов айтпақшы, өзі секілді қазақ қыздарын, жігерлі жастарды тәрбиелеу ісіне үлес қосып жүре беруін тілейміз. Марат Құрмашұлының жаны пейіш төрінде шалқып, артындағы ұрпақтарына амандық берсін.

▲ ЖОҒАРЫ БІЛІМ

ҒЫЛЫМДА ДАҢҒЫП ЖОП

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті — Қазақстан жоғары оқу орындары бас рейтингісінің көшбасшысы, ел тарихында тұңғыш рет «сапа саласындағы жетістіктері үшін» ҚР Президенті сыйлығының лауреаты, өнім және қызмет көрсету сапасы саласындағы жетістіктері үшін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы сыйлығының дипломанты болып табылады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жыл сайын түрлі конкур, мәдени-спорттық іс-шаралар, форумдар мен кездесулер, оның ішінде халықаралық деңгейде «Фараби әлемі» атты ғылыми конференциясы өткізіледі. Конференция аясында ҚазҰУ факультеттерінде 120 секция жұмыс істеп, олардың отырыстарында ғылымның түрлі салалары бойынша теориялық, эксперименттік және қолданбалы сипаттағы баяндамалар тыңдалады.

Жыл сайын аталған ғылыми форум Қазақстаннан және шетелдерден алты мыңнан астам қатысушылардың басын қосады. «Фараби әлемі» атты конференцияның арқасында студенттердің шығармашылық қабілеттерін ашып, талантты және дарынды жастарды іріктеу және қолдауға, ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыруға, қазіргі заманның ғылыми мәселелерін шешуге студенттер мен жас ғалымдарды тартуға, олардың зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Сонымен қатар дәстүрлі түрде «Фараби әлемі» кезеңінде «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Үздік жас ғалымы» байқауы да өтеді. Байқаудың мақсаты — ғылыми-инновациялық қызметті белсенді жүргізетін студенттерді, жас ғалымдар мен университет қызметкерлерін қолдап, олардың ғылыми жетістіктерін танымал ету және де ғылыми-зерттеу жұмысы нәтижелерін өндірістік процестерге енгізуге септігін тигізу. Бұл арқылы жастардың болашағына жарқын жол ашылмақ.

Мәлдір ШАХМАЕВА,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті экономика мамандығының 4-курс студенті

▲ ЖҮРЕК СӨЗІ

ТӘҢІР БЕРГЕН ТӘТТІ СЫН

ТӘУЕЛСІЗДІК. Осынау бір ауыз сөздің қадірі мен қасиеті әрбір қазақстандық азамат үшін тым бөлек. Себебі, егемендік, еркіндік, теңдік, бостандық деген алтын әріппен жазылған сөздер қазақ елінің маңдайына біткен жарық жұлдызбен тең. Қазақтың әрбір перзенті тәуелсіздік үшін 1986 жылы алаңға шығып, елім деп еңірген, жерім деп жылаған талай боздақтың алдында мәңгі қарыздар екенін ұмытпаса деймін. Ата-бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген Тәуелсіздік — Тәңірдің берген тәтті сыйы.

Ғасырлар бойы ата-бабамыз арман етіп, елі мен жері үшін қасық қаны қалғанша күресіп жеткен тәуелсіздіктің біз үшін орны ерекше. «Откенді айтпай, бүгінгі еске түспейді» дегендей, кешегі тарихсыз біздің ертеңіміз бұзылғыр. Ұғастар қауымы бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның азат ұрпақтарына саналы тәрбие мен сапалы білім беру үшін бар күш-жігерін аянабайды. Еліміздің ертеңі саналған жас өрендерге үнемі Отанымыз, еліміз, жеріміз, сан ғасырлық құнды тарих жайлы айтудан шаршаған емеспіз. Әрбір елдің болашағы өз Отанына шексіз берілген патриоттық рухы жоғары, ержүрек, қайсар ел азаматын тәрбиелеуден бастау алады. Ендеше, ертеңгі елдің тізгінін ұстайтын білімді ұрпақ тәрбиелеу — біздің басты мақсатымыз. Балаларымыздың санасында кішкентайынан бастап елге, жерге, Отанға деген ыстық махаббат, адал құрмет сақталса деп қызмет етіп келеміз. Біз тәрбиелеген балапандарымыз саналы тәрбие, сапалы білім алып, сол білімді ұлттық тәрбиемен ұштастырып, халықтың дұрыс өмір сүруіне, әлеуметтік жағдайының жақсаруына арнаса деген тілегіміз бар.

Еліміздің тәуелсіздік шежіресінің жазылуының өзі біз үшін қуаныш. Бұл — тарих тұрғысынан қасқағым сәт десек те, еліміз үшін ғасырға бергісіз кезең. Қазақ елі тәуелсіздігін алғаннан бері қуырар жұмыс атқарды. Соның нәтижесінде тамыры тереңде жатқан төл тарихымыздың жаңа беттері ашылды. Халқымыздың еңсесі көтеріліп, рухани тұрғыда серпілді. Тәуелсіздік қасиетті ұғым екенін, оның мағынасы зор, қанша жыл уақыт өтсе де оның бағасы жойылмайтындығын ұғындыра түсті. Сондықтан да қазіргі заманауи қазақстандық қоғамда өз еліміздің өткеніне, тарихына, жекелеген тұлғаларға неміқұрайды қарамау керек.

Қазақтың елдігі мен тұтастығын аңсаған Алаш қайраткерлерінің идеясы қазіргі тәуелсіз Қазақстанның мақсат-мүдделерімен жалғасып жатыр. Алаштың біртұтас идеясын, тұжырымдамасын бүгінгі күнгі идеямен салыстыра отырып, қазіргі жер үшін, тіл үшін, елдік үшін жүріп жатқан күрес те осы Алаш идеясынан туындап жатқанын жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан Алаш құндылықтары ешқашан күн тәртібінен түспек емес.

Қорыта айтқанда, өткенін білмеген адам ұлттың қадірін де, тәуелсіздіктің қасиетін де білмейді. Қазақ тәуелсіздік жолында қандай жайды бастан кешірді, бүгінгі мемлекеттілікке қалай қол жетті? Мұның барлығы болашақ ұрпақтың жадында болса, сонда барып Тәуелсіздік тағылымдылығы арта түседі. Тәуелсіздіктің қандай қиындықпен келгенін түйсінген жастар сонда ғана өз елінің тәуелсіздігін қорғауға, сақтауға күш салады. Тарихтың ащы сабағын түсініп қана қоймай, одан қорытынды жасай алады деп ойлаймын. Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда екенін ұмытпауымыз керек.

Нұрлар СЫДЫҚБАЕВА,
Н. Островский атындағы №8 орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Талдықорған қаласы



БОЛАШАҚ ЧЕМПИОНДАР ҰСТАХАНАСЫ

Бүгінгі таңда облыста спорт саласы қарқынды дамып келеді. Спорттың қай түрін алсаңыз да ауыз толтырып айтатын жаңалық көп. Әсіресе, кәсіпқой деңгейде спортпен шұғылданып жүрген ұл-қыздарымыз елдің намысын жыртып, халықаралық аренада көк байрақты желбіретуде. Соның ішінде, Жетісу жерінің спортшылары дараланып, ел үмітін ақтауда. Сонымен қатар, болашақ чемпиондарды тәрбиелеуде де ауқымды іс атқарып, спорттық инфрақұрылымдарды тұрғызуда республика бойынша көш бастап тұр. Мәселен, ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша өңірлерде жүз аурухана, жүз мектеп салу бағдарламасын іске асыру барысында Алматы облысы алдыңғы қатарда. Аудан орталықтарында дене шынықтыру және сауықтыру кешендері бой көтеріп, олардың саны он төртке жетті. Биыл тағы да төрт спорт кешені пайдалануға беріледі. Сондай-ақ, Талдықорған қаласында Орта Азияда теңдесі жоқ жүзу бассейні бой көтеруі жас жеткіншектерге жасалып жатқан қамқорлықтың белгісі және Мемлекет басшысы тапсырмасының нақты іске асуы екені анық. Осындай нысанның бірі – Қарасай ауданы Шамалған ауылында салынған балалар мен жасөспірімдерге арналған «Үшқоңыр» спорт мектебі. Заман талабына сай бой көтерген зәулім спорт нысанының жұмысымен танысу мақсатында аталмыш мектеп директоры Дәурен ТӨЛЕГЕНМЕН болған сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

– Дәурен Төлегенұлы, сіз бақарып отырған балалар мен жасөспірімдерге арналған «Үшқоңыр» спорт мектебінің жұмысына кеңінен тоқталсақ. Спорт нысаны қай кезден бастап жұмысқа кірісті?

– «Үшқоңыр» спорт мектебі 2019 жылы маусым айында ашылды. Аталған спорт кешені ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н. Назарбаевтың қолдауымен жүзеге асып, ашылу салтанатында арнайы келіп лентасын қиған. Міне, сол күннен бастап спорт нысаны тоқтаусыз жұмыс істеп, Шамалған ауылының жас жеткіншектеріне қызмет көрсетіп келеді.

– Мектептің құрылымын сипаттап өтсеңіз.

– Бұл мектеп облыс бойынша ең үлкен спорттық нысан деп айтуға болады. Дене шынықтыру-сауықтыру кешені деп атағанымызбен бұл үлкен спорттық база. Өздеріңіз көріп отырғандай, тау етегіне орналасқан мекемеде барлық жағдай жасалған. Кешен 6 блокқа бөлінген. Спорттың 18 түрінен жас балаларымыз спортпен шұғылданады. Бүгінде мектебімізде 1548 бала спорттың әр түрімен жаттығып жүр. Олармен 42 жаттықтырушы жұмыс жасайды. Жалпы, аталған спорт базасында 70 адам жұмыс істейді. Аумағы – он алты мың гектар. Мекеме екі қабатты, бірінші қабаты әкімшілік ғимараты болып саналады. Онда мектеп директоры, әдіскерлер, тамақтану орны, коференц-зал орналасқан. Қалған екінші бөлігінде жаттығу залы және жүзу бассейні, оның сыртында далада үлкен футбол алаңы бар. Ол арнайы жасанды төсенішпен жабдықталып, үлкен жарыстарды өткізуге ыңғайлы. Сонымен қатар, ойын залын да ерекше атап өткен жөн. Ол да толықтай әлемдік стандартқа сай жасалған әрі ірі халықаралық жарыстарды өткізуге толықтай дайын.

– Мектепке балаларды қай жас-тан бастап қабылдайсыздар?

– Ауыл балалары үшін салынған нысан болғасын біз барлық жағынан қамтуға тырысамыз. Сондықтан, спорттың тәртібі бойынша біз балаларды 6 жастан бастап қабылдаймыз. Әрине, біз оларды бірден спорттың қиын түріне қабылдай салмаймыз. Спорттық мектеп болғасын жас жеткіншектердің спортқа деген қызығушылығын ояту мақсатында ең бірінші ойын түрлеріне аламыз. Содан

кейін ыңғайына қарай, өздерінің таңдауы бойынша бейімділігін байқап, басқа спортқа икемдейміз. Бала болғасын олардың ең бірінші ынтасын, қызығушылығын оятып, қызықтыруға баса мән береміз. Ол үшін біздің арнайы мамандар, психологтар мен жаттықтырушылар жұмыс істеп, балаға бар жағдайды туғызады.

– Жаңа бір сөзіңізде бізде жүзу бассейні бар деп айтып қалдыңыз. Бұл тұрғыда жүзу спортына келушілердің қатары қаншалықты?

– Әдетте біз спорт дегенде бірінші бокс, күрес, футбол аузымызға оралады. Мен сізге айтайын, облыста ашылған спорт мектептерінің ішінде біздің ғана мектепте жүзу бассейні бар. Сондықтан бұл спортқа келушілердің қатары өте көп. Өзіңіз көріп өтіңіз, жүзу бассейні екеу. Оның бірі ересек балаларға, екіншісі кішкене балаларға арналған. Біздің мамандар ең бірінші сол кішкентай ұл-қыздарымызды кішірек хауызға икемдеп алып, оларға су спортын толықтай үйретіп алып, жас мөлшері толықтай толысқан кезде үлкен бассейнге рұқсат етеді. Сол кезде барып, оларды арнайы жүзу спортына үйретеді. Жүзу спорты деп бірден бассейнге шолп етіп түсіре салуға болмайды. Баланың аты бала, суға түсуге қызығушылығы жоғары екенін біз жақсы түсінеміз. Әйтсе де арнайы мамандар олармен талап бойынша жұмыс істейді. Ең бірінші кезекте қауіпсіздік шарасы, одан кейін баланың денсаулығы, одан кейін жетістікке көңіл бөлеміз. Бұл бір ғана жүзу спортына емес, спорттың бар түріне осындай талап қойылған.

– Өзіңіз білесіз, басқа спорт түріне қарағанда жүзуге жаттықтырушы маман табу өте қиын. Бұл тарапта маман тапшылығы бар ма? Суда жүзу спортында жаттықтырушы жеткілікті ме?

– Сөзіңіздің жаны бар, өзге спортқа қарағанда суда жүзудің мамандары үлкен сұранысқа ие. Оның үстіне ауылды жерде орналасқасын оларды шақыру да қиынға соғады. Бірақ біз жаттықтырушыларды тауып, оларға барлық жағдай туғызып, жұмыспен қамтып отырымыз. Қазір дәл осы спортта төрт жаттықтырушы жұмыс істейді. Нақтырақ айтқанда Руслан Бариев, Ригина Тамакина, Данил Максименко, Евгения Максименко. Бұлардың барлығы да өз ісінің мамандары. Аз ғана уақыт болса да оқушыларының беталысы жаман емес. Алдағы уақытта нағыз чемпиондар шығады деген үміт мол.

– Ендігі кезекте мектепте жаттығып жатқан болашақ чемпиондардың жетістігіне аз-кем тоқталып өтсеңіз?

– Бұл жағынан да ауыз толтырып айтатын жаңалығымыз көп. Аз ғана уақыт болса да қатысқан жарыстан қоржынымыз бос қайтқан жоқ. Өзіңіз білесіз, жекелеген спортқа қарағанда командалық спортта жетістікке жету өте қиын. Соған қарамастан біздің мектептің футболшылары жақсы көрсеткішке ие. Мысалы 2006 жылғы балалар облыстық жарыста бірінші орынды қанжығасына байлады. Кіші футболдан күміс медальға қол жеткізді. Жаттықтырушылар Нұржан Ахметов, Шаттық Ахметқожаев, Жәнібек Жақыпов, Қыран Тұрсынбайдың шәкірттері алдағы жарыстарда да олжамен оралады деген сенім мол.

Тэквондо спортында да мақтанышымыз бар. Аян Құмаровтың қоластында жаттығатын Аяулым Кәукенов Азияда үшінші орынды жеңіп алды. Алматыда өткен «Барыс-кап» додасында жеңіске жетті, ҚР чемпионатының жеңімпазы. Береке Абылайханұлы да халықаралық турнирлердің жеңімпазы. Дзюдодан би-

лікті бапкеріміз Әнел Еженханова жаттықтырады. Он бір жасар кішкентай Асылхан Тасқынбай Жәпек батыр атындағы жарыста қолаға қол созса, Жанболат Алдаберген «Қос батыр» турнирінде күмісті еншіледі. Одан да басқа дзюдошыларымыз болашағынан көп үміт күттіреді.

Бұл жерде неге жүлделер аз деп отырған боларсыз. Өзіңіз білесіз, 2019 жылдан бастап пандемияға байланысты жарыстар тоқтап қалды. Соның салдарынан спортшыларымыз жарысқа бара алмады. Қазір толық мүмкіндік ашылып, жарысқа қатысып жатырмыз. Ал осы жерде ерекше атап өтетін тағы бір таланттарымыз бар. Ол Муай-тай спортының шеберлері. Вадим Лопаров, Юрий Шюкиннің оқушылары мектебіміздің мақтанышы. Әлижан Қанат 16 жасында ересектер арасында чемпион атанды. «Асқар Коханов» атындағы турнирдің жеңімпазы. Жасөспірімдер арасында әлем чемпионатына қатысып, жақсы өнер көрсетіп қайтты. Әли Омаров ел біріншілігін үш мәрте ұтты. Себанды Омаров та ҚР чемпионатын екі мәрте жеңіп алды. Болашақта бұл мықтыларымыз әлем чемпионы болады деп отырмыз. Бокста Жұмабек Пірназаровтың шәкірттері де осал емес. Диас Алтыбай облыстық чемпионатта қоланы еншілесе, Ермұхан күмісті місе тұтты. Самбо күресінен де ауыз толтырып айтар жаңалығымыз бар. Қиса Манас пен Мадина Әлімбекованың шәкірттері жүлдемен оралып жүр. Мәселен, Мұхамед Тінейбай облыстық чемпионатта екі мәрте алтын тұғырдан қол бұғады. Республикалық турнирде де айдарынан жел есті. +98 келіде өнер көрсететін самбошымыздың бола-

шағы зор. Нұрсұлтан Тажымқан, Мектеп Аяпберген де республикалық турнирлердің жүлдегері. Грек-рим күресінде Дуаш Жайдар, Алмас Асқар, Әшімақын Әлібек, Серік Кәкібалановтың шәкірттері ел сенімін ақтап жүр. Рамазан Қайыржанұлы облыста жүлдегер атанса, 92 келі салмақта өнер көрсеткен Райымбек Қайыржаұлы республикалық турнирдің жүлдегері. Мұның сыртында осы мектепке қарасты Әйтей ауылында орналасқан Қуаныш Ахметжанов басқаратын «Әйтей» сауықтыру-кешенінде жаттығатын балалардың да жетістігі мол. Ашылғанына аз ғана уақыт болса да жас жеткіншектер түрлі додалардан жүлдемен оралып жүр. Міне, осындай жетістіктеріміз бар. Алдағы уақытта бұдан да жоғары өнер көрсетеміз деген ойымыз бар.

– Мектебіңіздегі жеткіншектердің жетістігіне қуанып отырмыз. Ендігі жерде өзіңіздің жетістігіңізге тоқталсақ. Сізді біз боксшы ретінде жақсы білеміз. Қазір басшылық орынға келгесін, бокстан қол үзіп қалмадыңыз ба?

– Рәке, сауалыңыздың төркінін түсіндім. Басшылық қызметке келгесін, былғары қолғабыңызды шегеіңіз іліп қойған жоқсың ба деп отырсыз ғой. Жоқ, ең бірінші мен өзім үлгі болуым керек. Өзіңіз жақсы білесіз, облыстық спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Молдахметұлы кәсіби спортшы, Бейжің Олимпиадасының күміс жүлдегері, одан кейін олимпиадалық резервтерді даярлау орталығының директоры, Атланта Олимпиадасының қола жүлдегері Мәулен Мамыров, ойын түрлерінен мамандандырылған спорт мектебінің басшысы Ермек Сүйеніш бокстан спорт шебері, жалпы облысымыздағы барлық спорт мектебінің директорлары спорттың нағыз мыйталмандары. Олардың барлығы басшылық қызметпен қатар спортты бірге алып жүр. Енді менің орындақта отырып қалғаным жарамас. Сондықтан боксты тастағам жоқ, тұрақты шұғылданып тұрамын. Өткен жылы халықаралық турнирде жеңімпаз атандым. Спорт шебері деген атағым бар, үнемі спорттық қалыпта болу үшін жаттығудан қол үзбеймін. Басшылық менің қызметім болса, бокс – менің мәңгілік өмірім!

– Бәрекелді, бұл сауалыңыз нағыз білікті басып, нағыз спорт жаснашырының жасауы болды. Осы орайда алдағы жоспарларыңызбен бөлісеңіз?

– Алда жоспар өте көп. Мектебіміздің техникалық базасы өте жоғары. Осыған байланысты облыс басшылығымен келісіп, алдағы уақытта колледж ашсақ деген ойымыз бар. Оны жақында облыс әкімі Қанат Бозымбаев келген кезде бұл мәселеге кеңінен тоқталғанбыз. 600 балаға арналған спорттық колледж ашылса өте жақсы болады. Оның өзіндік мағынасы бар. Төл шәкірттерімізді спорт мектебінен кейін колледжге түсіріп, жергілікті балаларды ұстап тұра аламыз және кадрларды да өзіміз даярлап, алдағы уақытта жұмыспен қамтуға да мүмкіндік туады. Оған арнайы жатақхана мен оқу корпусы салынады. Жаттығу базасы дайын. Міне, осындай ауқымды жоспарымыз бар, ол алдағы уақытта іске асады деп отырмыз.

– Сұхбатыңызға рахмет, заман талабына сай ашылған спорт мекемеңіз болашақ чемпиондардың ұстаханасына айналсын!

Сұхбаттасқан
Ришад ТҮРҒАНБАЙ



Суреттерді түсірген Жұмабай Мұсабеков

Приложение 5 к Правилам осуществления деятельности субъектами естественных монополий Форма № 2						
Наименование субъекта: ТОО «КараталТранзит» Исполнение тарифной сметы на услуги передачи и распределения э/энергии за 2021г.						
тыс. тенге						
№	Наименование показателей тарифной сметы	Единица измерения	Утв кор-ка 2021 год	2021 год	отклон по сумме	отклон по %
1	Затраты на производство товаров и предоставление услуг, всего	тыс. тенге	154 605,25	161 627,03	7 021,79	4,54
I	Материальные затраты, всего	тыс. тенге	8 709,16	10 248,63	1 539,47	17,68
1.1	сырье и материалы	тыс. тенге	2 022,67	2 138,91	116,24	5,75
1.2	ГСМ	тыс. тенге	4 495,37	5 821,34	1 325,96	29,50
1.3	запчасти	тыс.тенге	2 191,12	2 288,38	97,26	4,44
2	Затраты на оплату труда производственного персонала, всего	тыс. тенге	57 056,85	60 703,41	3 646,56	6,39
2.1	заработная плата	тыс. тенге	51 700,66	55 116,33	3 415,67	6,61
2.2	социальный налог	тыс. тенге	5 356,19	5 587,08	230,90	4,31
3	Амортизация	тыс. тенге	62 915,61	62 071,26	-844,34	-1,34
4	Ремонт, всего	тыс. тенге	10 396,36	11 364,78	968,41	9,31
4.1	капитальный ремонт, не приводящий к росту стоимости основных фондов	тыс. тенге	10 396,36	11 364,78	968,41	9,31
5	Услуги сторонних организаций производственного характера	тыс. тенге	15 527,28	17 238,95	1 711,68	11,02
5.1.	Услуги по оперативному обслуживанию оборудования электрических сетей	тыс.тенге	5 497,73	5 497,73	-0,00	-0,00
5.2.	Транспортные расходы	тыс.тенге	2 574,29	2 584,29	10,00	0,39
5.3.	Затраты на техосмотр	тыс.тенге	12,00	12,00	0,00	0,00
5.4.	охрана труда и прочие	тыс. тенге	7 443,26	9 144,94	1 701,68	22,86
II	Расходы периода, всего	тыс. тенге	154 270,50	159 059,08	4 788,58	3,10
6	Общие административные расходы, всего	тыс. тенге	90 938,23	95 988,89	5 050,66	5,55
6.1.	заработная плата административного персонала	тыс. тенге	63 665,17	66 385,29	2 720,12	4,27
6.2.	социальный налог	тыс. тенге	6 595,71	6 717,15	121,44	1,84
6.3.	амортизация	тыс. тенге	1 325,28	1 813,54	488,26	36,84
6.4.	налоговые платежи и сборы	тыс.тенге	10 939,08	11 193,71	254,63	2,33
6.5.	командировочные	тыс. тенге	128,35	142,93	14,58	11,36
6.6.	услуги связи (тел. интернет)	тыс. тенге	1 660,50	1 689,66	29,06	1,75
6.7.	услуги банка	тыс.тенге	74,96	84,66	9,70	12,94
6.8.	услуги нотариальные и юридические	тыс.тенге	0,00	300,00	300,00	
6.9	услуги по обязательному страхованию	тыс.тенге	1 291,83	1 319,24	27,41	2,12
6.10.	услуги по обслуживанию офисной техники	тыс.тенге	71,05	76,16	5,11	7,20
6.11.	почтовые расходы, почтово-телеграфские услуги	тыс.тенге	12,35	17,39	5,04	40,85
6.12.	расходы на рекламу, объявление	тыс.тенге	658,21	670,09	11,88	1,80
6.13.	расходы по аренде помещений и прочие	тыс.тенге	4 515,64	5 579,06	1 063,42	23,55
7	Другие расходы	тыс. тенге	3 261,42	3 270,52	9,10	0,28
7.1	расходы по канцелярской, печатной и бланочной продукции	тыс.тенге	601,71	601,71	-0,00	-0,00
7.2	затраты по сбросу канализационных вод	тыс. тенге	77,78	77,08	-0,68	-0,88
7.3	затраты на электроэнергию	тыс.тенге	2 581,95	2 591,73	9,79	0,38
8	Затраты на компенсацию нормативных потерь,	тыс. тенге	60 070,85	59 799,67	-271,18	-0,45
III	Всего затрат	тыс. тенге	308 875,75	320 686,11	11 810,36	3,82
IV	Доход (РБП/СП)	тыс. тенге	15 514,05	-47,21	-15 561,26	-100,30
V	Всего доходов	тыс. тенге	324 389,80	320 638,90	-3 750,90	-1,16
VI	Объем оказываемых услуг	тыс. кВтч	265 102,78	262 053,28	-3 049,50	-1,15
		тыс.тенге	324 389,80	320 638,90	-3 750,90	-1,16
VII	нормативные потери	%	1,90	1,9	0,00	0,00
		тыс. кВтч	4 589,21	4 569,19	-20,03	-0,44
IX	Тариф по себестоимости (без НДС)	тенге/кВтч	1,17	1,22	0,06	5,03
VIII	Тариф (без НДС)	тенге/кВтч	1,22	1,22	-0,00	-0,01

Информация об исполнении утвержденной инвестиционной программы на 2021 год																								
ТОО «КараталТранзит», Услуги по передаче и распределению электрической энергии по электрическим сетям																								
№ п/п	Информация о плановых и фактических объемах предоставления регулируемых услуг							Отчет о прибылях и убытках*	Сумма инвестиционной программы				Информация о фактических условиях и размерах финансирования инвестиционной программы, тыс. тенге				Информация о сопоставлении фактических показателей исполнения инвестиционной программы с показателями, утвержденными в инвестиционной программе**							
	Наименование регулируемых услуг и обслуживаемая территория	Наименование мероприятий	Единица измерения	Количество в натуральных показателях		Период предоставления услуг в рамках инвестиционной программы	План		Факт	отклонение	причины отклонения	собственные средства		Заемные средства	Бюджетные средства	Улучшение производственных показателей, %, по годам реализации в зависимости от утвержденной инвестиционной программы		Снижение износа (физического) основных фондов (активов), %, по годам реализации в зависимости от утвержденной инвестиционной программы		Снижение потерь, %, по годам реализации в зависимости от утвержденной инвестиционной программы		Снижение аварийности, по годам реализации в зависимости от утвержденной инвестиционной программы		
план				факт	Амортизация			Прибыль				факт прошлого года	факт текущего года			факт прошлого года	факт текущего года	план	факт	факт прошлого года	факт текущего года			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	
1	передача и распределение	Модернизация РП-10кВ №-4	шт.	1	1	2021 г.	прилагается	42 487,10	42 979,33	+ 492,23	увеличение объемов работ	Амортизация												
2	электрической энергии, Алма-тинская область	Замена оптоволоконного провода на 2-х участках по ВЛ-110кВ №-112	к-т.	1	1	2021 г.		11 431,23	11 431,22	- 0,01			Прибыль											
3		Ремонтно-восстановительные работы на линейной ячейке-110кВ №-9 на ПС 110/35кВ Каратальская ГЭС-4	к-т.	1	1	2021 г.		12 006,77	14 465,88	+ 2 459,11	увеличение объемов работ	Амортизация												
4		Покупка оборудования для модернизации системы АСКУЭ	к-т.	1	1	2021 г.		6 616,96	6 616,96	0		Амортизация												
5		Покупка организационной техники	к-т.	5	5	2021 г.		2 400,34	2 400,34	0		Амортизация												
6		Покупка автомобиля УАЗ 390995	шт.	1	1	2021 г.		6 150,00	6 150,00	0			Прибыль											
7		Покупка транспортного средства ЗИЛ 431410 АГП-22	шт.	1	1	2021 г.		4 233,39	4 506,13	+ 272,74	увеличение объемов работ		Прибыль											
8		Покупка автомобиля KIA Sportage	шт.	1	1	2021 г.		13 090,00	13 090,00	0			Прибыль											
9		Покупка приборов и инструментов	шт.	9	9	2021 г.		2 183,50	2 183,50	0			Прибыль											
10		Проект видеонаблюдения	шт.	1	1	2021 г.		1 600,00	1 600,00	0			Прибыль											
11		Монтаж видеонаблюдения	к-т.	1	1	2021 г.		5 470,00	5 469,82	- 0,18			Прибыль											
		Итого						107 669,29	110 893,18									24	25	1,9	1,7	5%	3%	

Приложение 6 к приказу Министра финансов Республики Казахстан от 28 июня 2017 года № 404 Форма 4				
Наименование организации Товарищество с ограниченной ответственностью «КараталТранзит»				
Отчет об изменениях в собственном капитале за период, закончившийся 31 декабря 2021 года				
тыс. тенге				
Наименование компонентов	Код строки	Капитал материнской организации	Итого капитал	
		Уставный капитал	Нераспределенная прибыль	
Сальдо на 1 января 2020 года	10	1 423 845	49 705	1 473 550
Изменение в учетной политике (корректировки пред. периода)	11	186 155	-2	186 153
Пересчитанное сальдо (строка 010+/строка 011)	100	1 610 000	49 703	1 659 703
Общий совокупный доход, всего (строка 210 + строка 220):	200	-	-56 725	-56 725
Прибыль (убыток) за год	210	-	-56 725	-56 725
Прочий совокупный доход, всего (сумма строк с 221 по 229):	220	-	-	-
Операции с собственниками , всего (сумма строк с 310 по 318):	300	-	-	-
Сальдо на 1 января 2021 года (строка 100 + строка 200 + строка 300)	400	1 610 000	-7 022	1 602 978
Изменение в учетной политике (корректировки пред. периода)	401	143 073	-63	143 010
Пересчитанное сальдо (строка 400+строка 401)	500	1 753 073	-7 085	1 745 988
Общая совокупная прибыль, всего (строка 610+ строка 620):	600	-	43 107	43 107
Прибыль (убыток) за год	610	-	43 107	43 107
Сальдо на 31 декабря 2021 года (строка 500 + строка 600 + строка 700)	800	1 753 073	36 022	1 789 095
Приложение 3 к приказу Министра финансов Республики Казахстан от 28 июня 2017 года № 404 Форма 2				
Наименование организации Товарищество с ограниченной ответственностью «КараталТранзит»				
Отчет о прибылях за период, закончившийся 31 декабря 2021 года				
тыс. тенге				
Наименование показателей	Код строки	За отчетный период	За предыдущий период	
Выручка	010	461 282	314 454	
Себестоимость реализованных товаров и услуг	011	260 596	251 081	
Валовая прибыль (строка 010 – строка 011)	012	200 686	63 373	
Расходы по реализации	013	59 800	41 544	
Административные расходы	014	101 152	84 726	
Итого операционная прибыль (убыток) (+/- строки с 012 по 014)	020	39 734	-62 897	
Финансовые доходы	021	610	291	
Прочие доходы	024	11 406	8 901	
Прочие расходы	025	8 286	3 020	
Прибыль (убыток) до налогообложения (+/- строки с 020 по 025)	100	43 464	-56 725	
Расходы по подоходному налогу	101	357		
Прибыль (убыток) после налогообложения от продолжающейся деятельности (строка 100 – строка 101)	200	43 107	-56 725	
Прибыль за год (строка 200 + строка 201) относимая на:	300	43 107	-56 725	
Прочий совокупный доход, всего (сумма строк с 410 по 420), в том числе:	400	0	0	
Итого прочий совокупный доход, подлежащий реклассификации в доходы или расходы в последующие периоды (за вычетом налога на прибыль) (сумма строк с 410 по 418)	420	0	0	
Итого прочий совокупный доход не подлежащий реклассификации в доходы или расходы в последующие периоды (за вычетом налога на прибыль) (сумма строк с 431 по 435)	440	0	0	
Общий совокупный доход (строка 300 + строка 400)	500	43 107	-56 725	
Прибыль на акцию, в том числе:	600			
Директор Рыжиков Е.В. Главный бухгалтер Хопяк О.В.				

Приложение 2 к приказу Министра финансов Республики Казахстан от 28 июня 2017 года № 404 Форма 1	
Наименование организации	Товарищество с ограниченной ответственностью «КараталТранзит»
Организационно-правовая	Товарищество с ограниченной ответственностью
Форма отчетности:	неконсолидированная
Среднегодовая численность работников	82 чел.

Бухгалтерский баланс			
по состоянию на «31» декабря 2021 года			
тыс. тенге			
АКТИВЫ	Код строки	На конец отчетного периода	На начало отчетного периода
I. Краткосрочные активы:			
Денежные средства и их эквиваленты	010	1 223	4 724
Краткосрочная торговая и прочая дебиторская задолженность	016	122 253	88 195
Краткосрочная дебиторская задолженность по аренде	017	2 637	4 478
Текущий подоходный налог	019	249	157
Запасы	020	93 867	38 866
Прочие краткосрочные активы	022	93 663	12 053
Итого краткосрочных активов (сумма строк с 010 по 022)		313 892	148 473
Активы (или выбывающие группы), предназначенные для продажи			
II. Долгосрочные активы			
Основные средства	121	1 486 572	1 417 336
Нематериальные активы	125	2 311	1 776
Прочие долгосрочные активы	127	114 656	107 893
Итого долгосрочных активов (сумма строк с 110 по 127)		1 603 539	1 527 005
Баланс (строка 100 +строка 101+ строка 200)		1 917 431	1 675 478
ОБЯЗАТЕЛЬСТВО И КАПИТАЛ	Код строки	На конец отчетного периода	На начало отчетного периода
III. Краткосрочные обязательства			
Краткосрочная торговая и прочая кредиторская задолженность	214	39 512	6 669
Текущие налоговые обязательства по подоходному налогу	216	357	
Вознаграждения работникам	217	23 084	16 248
Краткосрочная задолженность по аренде	218	103	
Прочие краткосрочные обязательства	222	20 174	4 477
Итого краткосрочных обязательств (сумма строк с 210 по 222)	300	83 230	27 394
Обязат-ва выбывающих групп, предназначенных для продажи	301		
IV. Долгосрочные обязательства			
Отложенные налоговые обязательства	316	45 106	45 106
Итого долгосрочных обязательств (сумма строк с 310 по 321)	400	45 106	45 106
V. Капитал			
Уставный (акционерный) капитал	410	1 753 072	1 610 000
Нераспределенная прибыль (непокрытый убыток)	414	36 023	-7 022
Итого капитал, относимый на собственников материнской организации (сумма строк с 410 по 416)	420	1 789 095	1 602 978
Доля неконтролирующих собственников	421		
Всего капитал (строка 420 +/- строка 421)	500	1 789 095	1 602 978
Баланс (строка 300+строка 301+строка 400 + строка 500)		1 917 431	1 675 478
Директор Рыжиков Е.В.			
Главный бухгалтер Хопяк О.В.			



▲ 1 СӘУІР – КҮЛКІ КҮНІ

АЙТПАСЫМА ШАРА ЖОҚ

Ата айтқан ақиқат

– Ата, жемқор деп кімді айтады?
– Жемқор деп, отырған жерін ойып,
Үңілген жерін үңгіп жейтін сұмды айтады.
– Ата, алаяқ деген кімдер?
– Алаяқ деген,
Жылмаңдаған сөздері,
Жаумаңдаған көздері,
Жалмаңыздың өздері.
Алдау мен арбау кәсібі,
Ойламайды өзгені.
– Ата, парақор деген кім?
– Парақор деген,
Мес қарыны толмайтын,
Қанша жесе де тоймайтын,
Қанталаған көздері,
Көртышқанның өздері.
– Ата, алиментчик деген кім?
– Алиментчик деген,
Өз баласын танымайтын,
Табыс тауып жарымайтын,
Жел айдаған ебелек,
Әр гүлге қонған көбелек.
...Есіңде болсын, балақай,
Олардың тағдыры – солақай.
Барар жері түрме болар,
Дерті бұрме болар.

Қарттар үйіндегі ана

Туған едім кең далада,
Қамалдым келіп қалаға.
Жазған хатым хабарсыз,
Ауылдағы жалғыз балаға.

Замандаспен сұхбат

– Кешіріңізші, замандас,
Сіз неше әйел алдыңыз?
– Ұзын саны бесеу.

– Балаларыңыз нешеу?
– Бала саны он шақты,
Бесеуі айдарлы,
Бесеуі моншақты.
– Аттарын айтар ма екенсіз?
– Тұңғыш ұлым – Тұран,
Екіншісі Құрман.
Өзгелерін ұмыттым,
Мені құдай ұрған.
– Қыздардың аттары кім екен?
– Үлкені – Айкүміс,
Екіншісі Күнбике,
Әрі қарай сұрама,
Тозды зой құ жүйке.

Оңаша әңгіме

– Қызым, саған айтамын, –
деп мұңын шақты анасы,
Өзіңдей қызы Байқанның
Балжібекке қарашы?
Сенің осы жасыңда,
Ата-енесінің қасында,
Күйеуі Айхан екеуі,
Бес баланың ата-анасы.
Бір үйлі жанның панасы, –
деп қызына қарады.

Ұнамай бұл сөз қызына,
Сөйлеп кетті қызына:
– Мансабым биік, табыс мол,
Одан өзге не керек?
Ишп-жерім төбеден,
Күйылып жатса себелеп.
...Бұзылып көңіл қаймағы,
Кемпірдің тілі байланды.

Болат БИСҰЛТАНҰЛЫ

Талдықорған қаласы

...деген екен!

Есек көтерген Әсет

Ақын, батыр, абыз, әулие де, әнші-жыршы мен
ғұлама ғалым да қарапайым ауылдан шығып, аты
алты Алашқа тараған.

«Біз де бала болғанбыз» демекші, белі
бүкшііп, беті мыжырайған бөкене бойлы қара
шалдың кезінде сымбатты, өнерлі, жігіттің
сұлтаны болғанын замандастары білмесе, ке-
йінгі жастар танып түстей алмайды. Анамның
айтуы бойынша Әсет аға жас кезінде балуан
денелі, тығыршықтай, қара күштің иесі болған
екен. Әскерден жаңа келген, бұла күші бойы-
на сыймай тұрған жас жігіт ауыл жастары-
мен бәстесіп, есекті қолына алыптік көтерген
қалпы мойнына салып, біраз уақыт көтеріп
тұрғанына бола жазиралы Жаркент жерінде
«есек көтерген Әсет» атанып кетті.

Бала кезде мән бермесек те ес тоқтатқан
шақта ағадан осы «есек көтерген» оқиғасын
сұрадым. Әр жерде андыздап көрініп тұрған
екі-үш тісін жалап қойып, ағакем ой бір көсілді
дейсін.

Бертініректе кеңшарда сушы боп жүрген
кезінде егістікке түсіп кеткен ауылдасының
есегін қораға қамап тастапты. Қамалып тұр-
ған есектің иесі кешке таман кешірімге «көк
мойынның» біреуін қылтитып көтере келмей
ме?! Сөйтсе көңілденіп кеткен ағамыз биік

қоршаудың ар жағынан есегін мал ие-
сіне көтеріп алып бере салған екен. Сол
оқиғадан кейін-ақ Әсекеңнің «балуанды-
ғы» өңірде жел қозғаған шоқтай лапете
қалған-ды.

Ол кезде кеңшар егін егеді. Суды
да әр звено кезектесіп, гектарына бөліп
суғаратын болған. Бірақ барлық звеноға
бөлінгенде Әсет ағаның бөлігіне ғана
су жетпей қалады екен. Бұл жағдай бір
емес, бірнеше рет қайталанады. Біраз
уақыт үндемей жүріп, шыдамы біткен
күні үлкен қазықты қағып, топырақты тау
ғып тұрып үйіп, шыммен бөген бүкіл егіс-
тіктің суын өзіне бұрып алыпты. Жеріне
мол суды емін-еркін жіберіп қойып, ра-
хаттанып көлеңкеде шөнііп жатса, атпен
шауып келіп мына қылығына күйіп кеткен
бригадир:

– Әй, Әсет-ау, сенде бас бар ма өзі? –
деп дүрсе қоя беріпті.

Сонда саспаған Әсет аға:
– Бас бар, бәсеке, бас бар! Бірақ сол
баста ми құрғырың болмай тұр-ау, – де-
ген екен.

Сәуле МЫРЗАХМЕТ
Панфилов ауданы

ЕСКЕ АЛУ

Алматы қаласының тұрғыны болған **Жадыра Қасенқызы** 2 наурызда бақиға сапар
шекті. Ол 1976 жылдың қазан айының 20-сында сыныптас құрдасымыз Қасен мен
Тұрсынбүбінің отбасында дүниеге келген еді. Үйдің тұңғышы болған жаны жай-
саң, жүрегі жомарт жан туған ауылында орта мектепті бітіріп, Алматы қаласын-
дағы медбикелер даярлайтын колледжде білім алып, Алматы қаласындағы №1-ші
емханада медбике болып қызмет істеді. Ауылдасы Ержан Мелісұлына тұрмысқа
шығып, бір ұл, бір қыз сүйді. Айтып келмейтін ажал 2011 жылы жолдасын алып
кетті. Ажал құрығы енді қызымыз Жадыраға түскені жанға батты. Осы орайда
Қасен мен Тұрсынбүбіге, артында қалған ұл-қызына Жадыраның қазасына көңіл
айтып, марқұмның арты кеніш, алды пейіш болсын деп дұға етеміз.

Жаны жомарт, Жадырам-ау, қарағым,
Тиянақтап тіршіліктің парағын.
Аргы өмірге сағыныш боп жөңкілдің,
Жаннат болсын мәңгі алған тұрағың.

Кім қияды жалған дүние базарын,
Алла саған тіксін енді назарын.
Сені мәңгі аңсап еске аламыз,
Жанарларда көлбейдейді-ау ажарын.



ЕСКЕ АЛЫП, КӨҢІЛ БІЛДІРУШІЛЕР: Қасен мен Тұрсынбүбінің достары, ауылдастары – **Жақан Ахаев, Ермек Құрманғалиев, Оразбақ Жанбыршиев, Келгенбай Әшімов, Оразбай Бекбатыров, Тұрарбек Дәуітқұлов, Бақытгүл Нұрмұқанова.**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:

Досан АТАНТЕЛОВ

Директордың қабылдау
бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

**Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және
коммуникациялар министрлігінің Ақпарат
комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп,
№ 17368-Г куәлігі берілген.**

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-
67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және
әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі —
40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 8 747 688
17 41.

Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — 8-777-388-57-77, Панфилов ауданы — 8-708-
442-43-76, Іле және Қарасай аудандары — 8-701-347-60-32. Қапшағай қаласы мен
Еңбекшіқазақ ауданы — 8-701-212-00-96, Жамбыл ауданы — 8-701-254-97-55. Талғар
ауданы — 8-701-400-28-49. Райымбек Көген және Ұйғыр аудандары — 8-775-323-08-50
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: **Ришад ТҰРҒАНБАЙ**



ҚҰТТЫҚ ТАЙМЫЗ!



Аяулы ана, ардақты жар, асыл әже **Раухан ТАСЫБАЙҚЫЗЫН** мәртебелі 80 жас
мерейтойымен құттықтаймыз! Өміріңіз өзіңіз дүниеге келген көктемдей жарқын әрі
шуақты болсын. Деніңізге саулық, отбасыңызға бақ-береке тілейміз!

Әкеміз Оспаналі Мүсіровпен бірге халыққа, елге еткен қызметтеріңіздің арқасында
елдің шынайы сүйіспеншілігі мен көл-көсір құрметіне бөлендіңіздер. Сіздердің өнеге-
мен өрілген өмірлеріңіз біз үшін ізгілік пен парасаттың үлгісі. Әкем екеуіңіз бақыттың
бағында ұл-қыздарыңыздың қызығы мен қуанышына, немере-шөберелеріңіздің сүйіс-
пеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасындағы алтын көпірдей қадірлі қалыптарыңызда
шаңырағымыздың ұйытқысы болып төрде отыра беріңіздер!

Аналық ақ жүреппен берген тәлім-тәрбиенізге мың алғыс! Ұрпағыңызбен мың
жасаңыз!

*Қиясына өмірдің өрлеп көрді,
Ел-жұрты үшін ерімен еңбектенді.
Ортамызда ақылшы Раухан ана
Сеңгіріне сексеннің сергек келді.*

*Сексен жас құтты болсын, асыл ана,
Қуаныштан көңіліміз басыла ма?!!
Бөленіп бала-шаға бақытына,
100 жасап атаныңыз асыр-Ана.*

*Еркелетіп немере, шөберені,
Кәрілікті, апатай, елемегін.
Үрім-бұтақ, ұрпағы құттықтаймыз,
Тіршіліктің қызығын көре бергін.*

*Шөберелер қуаныш сыйлап талай,
Амандықпен жетіңіз жезузе қарай!*

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: ұл-қыздары, күйеубала, келіндері, немере-шөберелері.

Райымбек ауданы Текес ауылының бір пер-
зенті, ақжарқын азамат, бір шаңырақтың отағасы,
қымбатты досымыз, Текес ауылдық округінің әкімі
Нұрболат Құрашұлы ТАУБАЛДИЕВ биыл мерей-
лі 60 жасқа толды. Еліне елеулі, халқына қалаулы
азамат. Туған жеріне туын тігіп, бар мәнді ғұмырын
ыстық мекенінде өткізіп, қолынан келгенінше елі-
жерінің өркендеуіне үлесін қосып келеді. Ұзақ жыл
Қ. Шорманов атындағы орта мектепте шәкірттеріне
дене тәрбиесі пәнінен дәріс берді. Бірсыпыра жыл
аталған мектептің директоры болып жемісті жұмыс
істеді. Соңғы жылдардан бері қарай жерлерстерінің
қалауымен Текес ауылдық округінің әкімі болып
еңбек етіп келеді. Зайыбы Бәтигүл Байқанова екеуі
ұрпағын өсіріп, қанаттандырып, немере сүйіп отыр-
ған бақытты жайлары бар. Зайыбы Қ. Шорманов
атындағы орта мектептің ұлағатты, үздік ұстазы.
Нұрболатқа мықты денсаулық, ұзақ өмір, еңбегіне
жеміс, шаңырағына шаттық тілейміз!

*Алсын дейміз есігін күлпін әр күн,
Жақсылығын айтады біліп әркім.
Барыс жылы келген ұл дүниеге,
Айтулы бір азамат жүзі жарқын.*

*Көрінердей әсем шақ қымбат, дара,
Қызыл-жасыл қауласын гүл бақшаңа.
Бәтигүлмен екеуің қолтықтасып,
Аман-есен жетіңдер жүз жасқа да.*

*Табынарың туған жер сағынарын,
Ұялатсын шуағын жаныңа күн.
Алтыс жасың құт болып, шуақ болып,
Жақсылыққа толсыңшы шаңырағың!*

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: достарың – **Жұмабек Тәліпұлы, Қанат Біржансал.**

▲ ДЕНСАУЛЫҚ

ЖАЗЫЛМАЙТЫН АУРУ ЖОҚ

**Қытай, Алтай өлкесі, Ресей мемлекетін-
де болып, білім-тәжірибесін ұштап қайтқан
ҚР Құрметті халық емшісі Азат МҰСАУЛЫ
Алматы қаласында ем жүргізіп жатыр.**

Шипагер тамыр ұстап, диагноз қояды. Ау-
рудың 75-ке жуық түрін Алатаудың баурайынан
жиналған таза шөп дәрілермен емдейді, алтын
ине қояды, теңіз тұзы арқылы бұлаулар жасай-
ды. Хиджама жасау арқылы артық қан алады.
Атап айтсақ, шипагер бастың барлық ауруларын
және мидағы ісік, бауыр-бүйрек, жүрек, асқазан,
шыңжың, енгі суық тию (простатит), гайморит,
тікшек (геморрой), бел, аяқ-кол, буын аурула-
рының барлық түрін, сонымен қатар, жазылуы
қиын деп есептелетін сусамыр (сахарный диа-
бет), кенірдекшелердің асқын қабынуы (брон-
хиальная астма), әйелдердің жатыр, емшек безі

(киста, миома) ауруларын сапалы емдеп жа-
зып жүр.

Шипагердің жол ашуға мүмкіндік жасай-
тын, арақ қойғыза алатын және Тибеттік құпия
әдіс – арнайы нүктелерге алтын ине қою, қан
алу арқылы 10-15 жылға жасартуды менгерген
ерекше қасиеті бар. Емші 15 жылдық еңбек
өтілінде тек алғыс арқалаумен келеді.

Емшінің жанында адам денесіндегі арнайы
нүктелерге укалау (массаж) жасайтын маман-
дар жұмыс істейді. Емшіге елді мекендерден
көмекшілер қажет. Айлығы 90000-120000 тең-
ге көлемінде.

Қаралұшылардың таза дәретпен, сенім-
мен келулері керек. Байланыс телефондары:
8-778-979-88-79, 8-747-479-99-56. Мекенжайы:
Алматы қаласы, Тондық көшесі, 23-үй (ем-
деу орны Алатау ауданы әкімдігі ғимаратының
жанында орналасқан).

Қазақстан Халық емшілері қауымдастығы
РҚБ №1170 куәлік берген, сертификат №17,
06.01.2020 жылы берілген.

Жарияланған мақала авторла-
рының пікірлері редакция көзқа-
расын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландыру-
лардың мазмұны мен мәтініне
жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы
қаріппен терілгенде
6 беттен асқан материал
қабылданбайды.

“Jetisy” газетінің компьютер
орталығында теріліп, беттеледі.
Газет аптасына үш рет –
сейсенбі, бейсенбі, сенбі күн-
дері шығады.

Суреттердің сапасы үшін
редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәсе-
лелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
☎ 8 747 390 09 90



Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде,
“Алматы – Болашақ” АҚ филиалы “Офсет” баспаханасында басы-
лады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 372

«Өлке тынысы» ЖШС басшыларының жалпы таралымы — 30 110,
оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы — 20 010.
Индекс — 65469.